

Бекітемін: №17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының

менгерушісі  Жетилгенова Д.Н.



2023-2024 оқу жылына арналған

№1 «Бөбек» ортаңғы қазақ тобының

ата аналар жиналысының жылдық жоспары

Тәрбиешілер: Тукбаева Б.А.

Серікқызы А.

Ақтөбе қаласы

№1 «Бөбек» ортаңғы тобының 2023-2024 оқу жылында ата – аналармен өткізілетін жұмыс жоспары


Мерзімі	Тақырыбы	Жауаптылар
Қыркүйек	1. 2023-2024 оқу жылына арналған ортаңғы топтың бағдарламасымен таныстыру. «Баланың балабақшаға бейімделуі» 2. Ата-аналар комитетін сайлау.	Тәрбиешілер: Тукбаева Б.А. Серікқызы А.
Қазан	1. «Бала тәрбиесі отбасынан басталады» ашық есік күні. 2. Ата-аналарға арналған бала тәрбиесіне қажетті кеңестер.	Тәрбиешілер: Тукбаева Б.А. Серікқызы А. Ата-аналар
Қазан	Күз мерекесін ұйымдастыру, бірлескен жұмыс. 1. «Мерейлі күз, мырза күз» ертеңгілік. 2. Ата-аналар мен балалары арасындағы шығармашылық қарым-қатынасты нығайту мақсатында «Күзгі бақ ғажайыптары» қолөнер көрмесін ұйымдастыру.	Тәрбиешілер: Тукбаева Б.А. Серікқызы А. Ата-аналар
Қараша	Тұмау мен ЖРВИ ауруының алдын алу жөніндегі кеңестер. «Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнама жүргізу.	Медбике: Байгазина И.М. Тәрбиешілер: Тукбаева Б.А. Серікқызы А.
Желтоқсан	1. «Бала дамуында, тәрбиелеу кезінде күн тәртібінің маңызы». 2. «3-4 жастағы балалардың психофизиологиялық ерекшеліктері» туралы кеңес.	Тәрбиешілер: Тукбаева Б.А. Серікқызы А.
Желтоқсан	3. Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру, бірлескен жұмыс. «Сиқыршы қонақта» ертеңгілік. 4. І-жарты жылдықтың қорытындысы.	Тәрбиешілер: Тукбаева Б.А. Серікқызы А. Ата-аналар
Қаңтар	«Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына» шеберлік сабағы.	Тәрбиешілер: Тукбаева Б.А. Серікқызы А. Ата-аналар
Ақпан	«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» ата-аналар арасында сайыс.	Тәрбиешілер: Тукбаева Б.А. Серікқызы А. Ата-аналар
Наурыз	«Ана-аса қымбат жан» аналар мерекесі. «Қош келдің, Өз-Наурыз!» наурыз мерекесі.	Тәрбиешілер: Тукбаева Б.А. Серікқызы А. Ата-аналар
Сәуір	Ата-аналар мен балалары арасындағы шығармашылық қарым-қатынасты нығайту мақсатында «Мен ғарышкер боламын» қолөнер көрмесін ұйымдастыру.	Тәрбиешілер: Тукбаева Б.А. Серікқызы А. Ата-аналар
Мамыр	1. Ата-аналар комитетінің есебі 4. Жылдық қорытынды	Тәрбиешілер: Тукбаева Б.А. Серікқызы А. Ата-аналар

Ата-анамен жүргізілетін жұмыс жоспары

Мақсаты: Балабақша мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру. Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру. Ата-ана бойына өздерін тәрбиеші ретінде қарауда қызығушылықтарын дамыту.

Міндеттері:

- Әр баланың отбасымен серіктестік қарым-қатынас орнату;
- Баланы дамыту мен тәрбиелеу барысында күш біріктіру;
- Ортақ қызығушылықтар мен туындаған қиыншылықтарда бірлесе шешім қабылдау, бірін-бірі қолдау;
- Ата-аналардың тәрбиешілік шеберлігін, білімдерін ынталандырумен байыту, өзіндік педагогикалық мүмкіндіктеріне сенімін арттыру;



МКҚК №17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы

Баланың балабақшаға бейімделуі

Тәрбиешілер: Тукбаева Б.А.

Серікқызы А.

Ақтөбе 2023ж.

«Баланың балабақшаға бейімделуі»

Мақсаты: Ата-аналарды ұйымшылдыққа, татулыққа, бірлікке шақыру. Оқу жылы барысында белсенділік танытуға үндеу. Бірігіп жұмыс жасау, бір-бірінің ойын тыңдауға, жағымды орта қалыптастыруға бағыттау.

Күн тәртібінде:

1. Сәлемдесу
2. Топтарға бөлу.
3. Топтық танысу шеңбері.
4. Ситуациялық сұрақтарға жауап беру.
5. «Менің баламның көзі» тренинг.
6. Оқу жылына байланысты мәселелерді айтып өту. Ата-аналар комитетін тағайындау.
7. Ойын тренинг. Ағаш суретіне ұяшықтарды әр түрлі түске бояп, ағашқа жабыстыру.

- 1) Ата-аналар белгі таңдау арқылы бір-бірімен сәлемдеседі.
- 2) Топтарға бөлініп отыру.

Құрметті ата-аналар! Біз сіздермен бірінші ата-аналар жиналысында кездескенімізге қуаныштымыз. Біз бен сізді байланыстырып тұрған әрине балалар. Сол балаларымыз аман болсын! Балаларыңыз сіздерді тек жақсы қылықтарымен қуанта берсін дей келе бүгінгі оқу жылындағы алғашқы жиналысымызды ашуға рұқсат етіңіздер.

Ардақты ата-аналар! Болашақ десек те, келешек десе де бала – ұрпақ деген мағынаны білдіреді. Адамның өзге тіршілік иесінен айырмашылығы – дүниеге перзент әкелген соң, оның болашағын ойлау, адам етіп тәрбиелеу.

Бала тәрбиесі – бір отбасының ғана емес, бүкілқоғамның мемлекеттік абыройлы міндеті. Кезінде Әл – Фараби бабамыз «Ғылым емес, ең алдымен тәрбиеге көңіл бөлу керек, тәрбиесіз адамға ғылым баянды болмайды» - демеп пе еді. Осыған орай бүкіл ата – ана тәрбиеге бет бұруы керек. Ұрпақ тәрбиесіне мүдделі екендігін ата-аналар іс-жүзінде дәлелдеп отырулары тиіс. Міне, осындай ынтымақ бірлігінде ғана ойдағыдай нәтиже берері ақиқат.

Құрметті ата-аналар! Бүгінгі отырысымыз ерекше болады деген үмітпен жиналысымыздың таныстыру бөлімін бастайық.

3. Танысу. Әр ата-ана өзің таныстыру қажет, өзінің атына бір сын есімін қосып таныстыру. Мысалы: Мен Айсұлу – ақылдымын. Келесі ата-ана алдыңдағы сын есімін есіне сақтай өзінікін қосып айту керек (жіппен). Шеңберге тұрудың үлкен бір қасиеті бар. Шеңберіміз көктегі жылу беретін күн сияқты дөңгелек. Қолымыздағы жібіміз де дөңгелек пішіндес болды. Осы жіпке сіздердің өздеріңізді сипаттаған сын есімді тізбектеп, сол қасиеттер балаларымыздың бойынан табылсын демекпіз (мысалға: ақылды, білімді...)

4.Ситуациялық сұрақтарға жауап беру. Әр столда конвертте ситуациялық сұрақ беріледі, соған ата-аналар жауап берулері керек.

5.«Менің баламның көзі» тренинг. Іздерді басу арқылы бір әріп таңдап, баласына сол әріптен басталатын сипаттама беру керек. Сөйтіп алдындағы столдағы балалардың көзжанарының суреттерінің арасынан өз баласының көзін табу керек.

6.Оқу жылына байланысты мәселелерді айтып өту. Ата-аналар комитетін тағайындау. Ата-аналар комитетін сайлау, балабақшаның күн тәртібін, балабақша ережелерімен таныстыру. Құрметті ата-аналар төрайымын сайлау осы отырған сіздерге жүктеледі, сондықтан ақылдасып, дұрыс шешім қабылдайды деп ойлаймын.

Балабақша ережелері:

1. Бөбекжай-балабақшасының күн тәртібі бойынша кешкі уақытта баланы ата-анасы алып кету.
2. Топта баланың ауыстыратын аяқ киімі болуы керек және баланың балабақшаға таза киіммен келу керек.
3. Балабақшада баланың киімдерін сақтайтын арнайы сөрлерін ата-аналары ретке келтіріп отыру керек.
4. Балабақшада әрбір баланың өзінің жеке тарағы және қолорамалы болуы тиіс.
5. Дене шынықтыруға қатысу үшін баланың арнайы дене шынықтыру киімі болуы керек, ол топ тәрбиешісімен және ата-аналармен келісіледі.
6. Бала науқастанып келмеген жағдайда немес демалыста болған жағдайда дәрігерден анықтама алып келуі тиіс (таңертеңгі қабылдау кезінде топ тәрбиешісіне тапсыру қажет)
7. Балалардың киіміне ата-ананың қалауы бойынша жоғалып кетпеуі үшін немесе басқа балалардың киімімен ауысып кетпеуі үшін белгілер қоюға болады.
8. Киім мен аяқ киім ауа-райына сәйкес болғаны жөн.
9. Қыста және ылғалды ауа-райында баланың қосымша құрғақ киімдері тұруы тиіс.
10. Баланың сөресінде міндетті түрде ауыстыру үшін қосымша құрғақ қолғабы мен киімдері болғаны дұрыс.

7.Ойын тренинг. Ағаш суретіне ұяшықтарды әр түрлі түске бояп, ағашқа жабыстыру.

Енді ата-аналар «Табиғатсыз адамдардың күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» демекші адам табиғатпен тығыз байланысты табиғаттағы ең маңызды нәрсе ағаш, енді сол ағаштың несі болар едіңіз тамыры ма, әлде діңі ме, әлде жапырағы ма? Әрине сіздер тамырысыздар ата-аналар! Осы ағаштың тамыры ата-ана, діңгегі – тәрбиеші, жапырағы – балаларымыз. Егер тамырдан нәр алып, діңгегі мықты болып, бұтағы жапырағын жайса ағашымыз жемісін береді.

Енді мына себеттен алмаларды (ұяшықтарды) қызыл түске бояп, ағаштың жемісін іліп, балаларыңыздың қызығын көрейік...(музыкалық сүйемелдеу)

Баланы жастан бақпасаң,

Жаманадықтан қақпасаң.

Қадірден жүрдай қасқа боп,

Кешкенің өмір босқа тек – дегендей, баланың ыстық суығына күймейтін, жақсылығына сүйінбейтін ата-ана жоқ шығар. Бүгінгі ұл-ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз ертеңгі ана, ол шешеге қарап өседі, бойын түзейді. Сондықтан, ата-аналар ең бірінші тәрбиеленуші ата-ана демекпін. Бірлесе отырып, тәрбиелейік. Міне, қоштасатын да сәт жетті. Біз сіздермен жанұядағы ата-ана мен балабақша арасындағы қарым-қатынасты түрлі жақтарын тануға, жан-жақты талқылауға тырыстық. Отбасы, ұшқан ұя жылылықтың, жылулықтың мекені. «Отбасы» атауының мәніне терең үңілер болсақ, отанда үлкен маңызы бар екенің сеземіз. Сондықтан, оттың басы, ошағамыздың түтіні түзу болуы үшін «тілек шамы» жаттығуын бір-бірімізге тілек айта отырып жүргізейік. (жүрекпен)

Ата-аналар алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп рақметімізді айта отырып, отбасыларыңызға бақыт нұры шашыла берсін дегім келеді. Алдарыңызда тұрған қағазға бүгінгі жиналыстан алған әсерлріңізді, болмаса бізге балабақшаға деген айтар ойларыңыз немесе жылы лебіздеріңіз болса жаза кетіңіздер. Балаларыңыз ауырмасын, сіздерге зор денсаулық тілейміз. Келесі кездескенше сау болыңыздар!





**№1 «Бөбек» ортаңғы қазақ тобының ата-аналар жиналысының
хаттамасы
Хаттама №1**

Өткізілген уақыты: 28.09.23ж.

Қатысқаны: 16

Қатыспағаны: 9

«Баланың балабақшаға бейімделуі»

Күн тәртібі

1. Сәлемдесу
2. Топтық танысу шеңбері
3. Ситуациялық сұрақтарға жауап беру
4. «Менің баламның көз жанары» тренинг
5. 2023-2024 оқу жылына арналған ортаңғы топтың бағдарламасымен таныстыру.

Ата-аналар комитетін тағайындау

6. Ойын тренинг. Ағаш суретіне ұяшықтарды әр түрлі түске бояп, ағашқа жабыстыру.
Бірінші кезең бойынша ата-аналар белгі таңдау арқылы сәлемдесу болды.

Екінші кезең бойынша әр ата-ана өзін таныстырды, өз есіміне сай бір сын есімін қосып таныстырды. Мысалы: Мен Айсұлумын-ақылдымын.

Үшінші кезеңде тәрбиеші Тукбаева Б.А. баяндама оқыды, ата-аналармен ситуациялық сұрақтар жүргізді. Бала тәрбиесі туралы ата-аналарға кеңестер айтылды. Ата-аналар балабақша ережелерімен танысты.

Төртінші кезең. Іздерді басу арқылы бір әріпті таңдап, баласына сол әріптен басталатын еркелету сөздерін айтып, алдындағы столдағы балалардың көз жанарының суреттерінен өз баласының көз жанарын табады.

Бесінші кезең тәрбиеші Тукбаева Б.А. және Серікқызы А. Балабақша ішіндегі тәртіптерімен және ұйымдастырылған іс-әрекет кестесімен таныстырды, ата-аналар комитетін сайлады.


Алтыншы кезеңде ойын тренинг өткізілді. Ағаш суретіне ұяшықтарды әр түрлі түске бояп, ағашқа жапсырды. «Табиғатсыз адамдың күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ» демекші адам табиғатпен тығыз байланысты табиғаттағы ең маңызды нәрсе ағаш, енді сол ағаштың несі боларедіңіз тамыры ма, әлде діні ме, әлде жапырағы ма. Әрине сіздер тамырысыздар ата-аналар! Осы ағаштың тамыры ата-ана, діңгегі–тәрбиеші, жапырағы–балаларымыз. Егер тамырдан нәр алып, діңгегі мықты болып, бұтағы жапырағын жайса ағашымыз жемісін береді. Ата-аналар себеттен алмаларды алып (ұяшықтарды) қызыл түске бояйды. Ағашқа іледі.

Жиналыс қаулы етті:

1. Балабақша тәртіптері міндетті түрде орындалсын.
2. Бала тәртібі отбасында қатты қадағалансын.
3. Барлығы бірігіп жұмыс жасауларын жалғастырсын.

Ата-аналар комитетінің төрайымы: Қабылбаева Ә.

Хатшы: Серғазықызы А.

МКҚК №17 «Шұғыла»

бөбекжай-балабақшасы



Бала тәрбиесі отбасынан басталады

Тәрбиешілер: Тукбаева Б.А.

Серікқызы А.

Ақтөбе 2023 ж.



«Бала тәрбиесі отбасынан басталады»

Мақсаты: Әр отбасының бала тәрбиесіне белсене қатысуының маңызын арттыру. Баланың мейірімді сыпайы әдеттерді бойына сіңіріп өсу жолдарын ата аналармен бірлесе қарастыру.

«Жақсыдан жаман туады

Бір аяқ асқа алғысыз

Жаманнан жақсы туады

Адам айтса нанғысыз»

Баланың бас ұстазы ата-ана. Ұлтымызда «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген дана сөз бар. Әр отбасында ата-ананың орны бөлек. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Әке-отбасының асыраушысы, қамқоршысы, тірегі деп білсек, ана-отбасының ұйытқысы, жылуы, шуағы, жақсы ана отбасына береке әкеліп жанұясын бақытқа бөлейді. Ата-анаға баладан артық ешкім жоқ. «Бала адамның бауыр еті» деген сөз бар. Сондықтан қай ата-ана болмасын баласының білімді, парасатты, мәдениетті, тәртіпті, әдепті болуын қадағалайды. «Бала өмірдің жалғасы, көз қуанышы, шаңырақ иесі» деп ұрпақ тәрбиесіне көп көңіл бөлген. «Әрбір баланың мінез-құлқы ата-ананың жағымды іс-әрекетінен үлгі алуы барысында қалыптастады» деп И.Павлов айтпақшы баланың мінез-құлқы өскен ортасында, көрген тәрбиесіне байланысты қалыптасады. Ата-ана бала үшін ең бірінші үлгі тұтар адам, өзін көретін айнасы.

Құрметті ата-аналар сіздерді ортаға шаттық шеңберіне шақырамын.

1. Шаттық шеңбері:

Дөңгеленіп тұрайық

Керегені құрайық

Уықтар боп иіліп,

Шаңыраққа киіліп

Киіз үйді құрайық.

Міне сіздермен бірге үлкен киіз үйімізді құрдық. Осы киіз үй сияқты біздің балабақшамыздың қабырғалары мықты болып, шаңырағы биік болсын дегім келеді.

Танысу: Бір шаңырақ иесі ретінде бір-бірімізбен жақынырақ танысайық. Мына үлгі бойынша: өз есіміңіздің алдына сын есім қосып айтасыз. Мысалы: мен ақылды Асемнің, Ал, мен сыпайы Саниямын... Олай болса барлығымыз орнымызға жайғасайық.

2. Өзіңді-өзің танысаң істің басы.

Жақсы немесе жаман қасиеттер тренинг Абай атамыздың «Сегіз батыр» деп басталатын жұмбағы еске түседі.

Алла мықты жаратқан сегіз батыр,

Баяғыдан соғысып әлі жатыр

Кезек кезек жығылып, жатып тұрып,

Кім жеңері белгісіз түбінде ақыр.

Міне, осы жұмбақтың жауабы сегіз батырдың біріншісі «жақсылық» болса, екіншісі «жамандық» екен. Кез келген адамнан ол екеуін табу үшін айнадағы бейнемізге қарап ойланамыз. Ал, енді сіздер берілген парақтың оң жағына жақсы, сол жағына жаман қасиеттеріңізді жазасыздар.

Қандай қасиеттерді көп жаздыңыздар?

Қайсысынан өзіңізді көбірек таптыңыз?

Осыған дейін осы қасиеттер жайлы ойланып көрдіңіз бе?

(Барлығы жазған қасиеттері туралы оқып шығады) Жаман қасиеттеріңізден арылғыларыңыз келе ме? Ендеше жаман қасиеттеріңізді бөліп жыртып алып «менің бойымнан осы жаман қасиеттер мәңгіге жоғалсын» деп айтып топ басшысы, ұсақтап жыртып тастайды.

3. Ой қозғау.

Ата-аналар 3-топқа бөлінеді. Бала тәрбиесі жөнінде сұрақтар қойылады. Сол жағдаяттан шығу жолдарын тірек-сызба, сурет арқылы қорғап шығады.

Бала жақсы білімді болу үшін ата-аналардың міндеті қандай болу керек?

Баланың оқу үлгеріміне отбасының қарым-қатынасы әсерін тигізе ме?

Мен бір өсиет әңгімеге тоқталғым келеді.

Өсиет әңгіме. Жағдайы бар отбасы баласын ешкімнен кем өсіргісі келмей барлық жағдайын жасайды. Қазіргі заманның озық технологиясымен жасалынған ойыншықтар, компьютер, тіптен қымбат телефонды да алып береді. Бірақ баласы осының бәріне қанағаттанбай, күнде ата-анасының жұмысқа кетпеуін өтінеді. Ата-анасы жұмысқа бармаса болмайтынын, ақша табатынын баласына айтып түсіндіреді. Ал, баласы осы сәтте ата-анасының өзіне тастап кетіп жүрген ақшасын жұмсамай жинай бастайды. Жинаған ақшасы ата-анасының бір күндік табысына жеткен күні бала ата-анасына өтініш жасайды.

- Әке, ана! Бүгін жұмысқа бармай бір күндеріңізді маған қиыңыздаршы. Бір күндік табыстарыңызды мен төлейін депті. (Қалай ойлайсыздар бала неге олай өтінді?) Міне ата-ананың аялы алақанының әсері балаға күн сәулесімен бірдей, мұны басқа ешбір нәрсе ауыстыру мүмкін емес.

Қорытынды: Құрметті ата-аналар! Енді осы балапандарымызға жүрегімізден шыққан жылы сөздеріңізбен, тілектеріңізді күннің шуағына жазып, шуағын пашуға көмектесейік. Бала бойындағы адамгершілік қасиеттердің пайда болуы ата-ана, ұстаз, жақсы құрбысынан екені сөзсіз. Сондықтан «бала тәрбиесі бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер». Жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер. Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін әркімнің өз тәжірибесі жетпейді. Басқа адамдардың тәжірибесімен танысу керек деп алаш ардақтысы Мағжан Жұмабаев айтқан бала тәрбиесі барлығымыздың бірлескен жұмысымыздың нәтижесі. Бұлардың барлығы қоғамға тәуелді. Бала ата-ананың айнасы демекші, баламыздың бойына өз бойымызға жақсы қасиеттерді сіңіре білейік.

Ата-аналарға арналған бала тәрбиесіне қажетті 14 кеңес

1. Баланың міндетті түрде өздігінен орындайтын жұмыстары болуы қажет. Сіз тек осы жұмыстардың орындалуын қадағалауыңыз керек.
2. Мейлі қаншалықты тиянақты әрі жылдам орындасаңызда, балаға жүктелген жұмыстарды өзіңіз орындауға тырыспаңыз.
3. Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз және баланы асықтырмаңыз.
4. Балаңызға өз көзқарасыңызды тықпаламаңыз. Өзіңіздің нұсқаңыздың дұрыс екенін дәлелдермен түсіндіріңіз.
5. Баланың кез-келген қалауын орындауға асықпаңыз.
6. Балаға өзінің іс-әрекетін түсіндіруді үйретіңіз яғни бала ең алдымен ойланып содан соң ғана шешім қабылдауды үйрену керек. Ең жақсысы өзі сенімсіздік танытқан мәселелерде ата-анасымен кеңесуге болатынын білуі қажет.
7. Баланы қоршаған әлемді танып білуге дағдылаңыз.
8. Баланың жан-жақты дамуына қолайлы қауіпсіз жағдай жасаңыз.
9. Баланы тым еркелетпеңіз. Онымен өзіңізбен тең дәрежедегі адам ретінде сөйлесіңіз. Есіңізде болсын сіздің сөйлеген сөзіңізді, іс-әрекетіңізді балаңыз қайталайды.
10. Балаға өз бетінше жеке басының тазалығын қадағалауды және де әр түрлі жағдайларда өзін қалай ұстау керектігін түсіндіріңіз.
11. Жақсы іс-әрекеті үшін сөзбен немесе сыйлықпен мадақтап көтермелеңіз.
12. Бала кішкентайынан бастап ата-анасын, үлкендерді, жақындарын сыйлау керектігін білу тиіс.
13. Ешқашанда баланың икемсіздігін күлкіге айналдырып және де қорқыныштарына күлмеңіз. Қайта керсінше баланың қорқыныштарын бірге шешіп сенімді қарым-қатынас орнатыңыз.
14. Қаншалықты уақытыңыз аз болсада балаңыздың жан-жақты дамуына көңіл бөліңіз. Есіңізде болсын балаңыз сіздің ең басты байлығыңыз.

Хаттама №2

Өткізілген уақыты: 13.10.23ж

Қатысканы: 12

Қатыспағаны: 13

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. «Бала тәрбиесі отбасынан басталады»
2. Ата-аналарға арналған бала тәрбиесіне қажетті 14 кеңес.

1.«Бала тәрбиесі отбасынан басталады»

Мақсаты: Әр отбасының бала тәрбиесіне белсене қатысуының маңызын арттыру. Баланың мейірімді сыпайы әдеттерді бойына сіңіріп өсу жолдарын ата-аналармен бірлесе қарастыру. Баланың бас ұстазы ата-ана. Ұлтымызда «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» деген дана сөз бар. Әр отбасында ата-ананың орны бөлек. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Әке-отбасының асыраушысы, қамқоршысы, тірегі деп білсек, ана-отбасының ұйытқысы, жылуы, шуағы, жақсы ана отбасына береке әкеліп жанұясын бақытқа бөлейді.

Құрметті ата-аналар сіздерді ортаға шаттық шеңберіне шақырамын.

1. Шаттық шеңбері:
2. Өзінді-өзің танысаң істің басы.

Жақсы немесе жаман қасиеттер тренинг

3. Ой қозғау.

Ата-аналар 3-топқа бөлінеді. Бала тәрбиесі жөнінде сұрақтар қойылады. Сол жағдаяттан шығу жолдарын тірек-сызба, сурет арқылы қорғап шығады.

Қорытынды: Құрметті ата-аналар! Енді осы балапандарымызға жүрегімізден шыққан жылы сөздеріңізбен, тілектеріңізді күннің шуағына жазып, шуағын шашуға көмектесейік. Бала бойындағы адамгершілік қасиеттердің пайда болуы ата-ана, ұстаз, жақсы құрбысынан екені сөзсіз.

2. Ата-аналарға арналған бала тәрбиесіне қажетті 14 кеңес.

1. Баланың міндетті түрде өздігінен орындайтын жұмыстары болуы қажет. Сіз тек осы жұмыстардың орындалуын қадағалауыңыз керек.
2. Мейлі қаншалықты тиынақты әрі жылдам орындасаңызда, балаға жүктелген жұмыстарды өзіңіз орындауға тырыспаңыз.
3. Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз және баланы асықтырмаңыз.
4. Балаңызға өз көзқарасыңызды тықпаламаңыз. Өзіңіздің нұсқаңыздың дұрыс екенін дәлелдермен түсіндіріңіз.
5. Баланың кез-келген қалауын орындауға асықпаңыз.
12. Бала кішкентайынан бастап ата-анасын, үлкендерді, жақындарын сыйлау керектігін білу тиіс.
13. Ешқашанда баланың икемсіздігін күлкіге айналдырып және де қорқыныштарына күлмеңіз. Қайта керсінше баланың қорқыныштарын бірге шешіп сенімді қарым-қатынас орнатыңыз.
14. Қаншалықты уақытыңыз аз болсада балаңыздың жан-жақты дамуына көңіл бөліңіз. Есіңізде болсын балаңыз сіздің ең басты байлығыңыз.


Қаулы етілді:

1. Бала тәрбиесіне көп көңіл бөліңіз
2. Бала тәрбиесі отбасында қадағалансын.

Ата-аналар комитетінің төрайымы: Кабылбаева Ә.

Хатшы: Сергазықызы А.





МКҚК №17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы

«Мерейлі күз, мырза күз»

Тәрбиешілер: Тукбаева Б.А.

Серікқызы А.

Ақтөбе 2023 ж.

«Мерейлі күз, мырза күз»

Өткізілген күні: 01.11.23ж.

Тәрбиешілер: Тукбаева Б.А, Серікқызы А.

Музыка жетекшісі: Кенжеболатова А.О.

Мақсаты: Күз мезгілінің өзгерістерін ұғындыру, мерекелік көңіл-күй орнату. Балалардың ән айту, би билеуге деген ынталарын арттыру.

Жүргізуші: Армысыздар құрметті қонақтар, ата – аналар, асыға күткен күз мерекесі де келіп жетті, баршаңызды алтын күз мерекесімен құттықтаймыз!

Төңірек толы сары алтын

Күз келді туған жеріме

Шуағы нұрлы жайнаған

Алтын күз келді еліме

Мерекесі халықтың

Алтын күзді бастайық,

Алтын күзге арналған

Ертеңгілігімізді бастайық!

Әсем әуен сүйемелдеуімен балалар кіріп келеді.

Кіру

Тақпақтар:

Димаш: Сап сары маңай

Сап сары тоғай

Соңғы әнін айтып,

Құс кетті қайтып

Алтынханым: Көрініп еліме

Күндері мереке.

Келді ғой жеріме

Күз дейтін мереке

Жанель: Күзім ау, күзім ау

Мінезің бұзық ау

Жаңбырың сіркіреп,

Келгенің қызық ау

Али: Алтын, сары, қызыл, көк

Алуан алуан жапырақ

Ағаштардан жамырап

Ұшты кенет жамырап

Раяна: Көбейді құт береке,

Астық толы қамбамыз.

Құтты болсын мереке,

Алтын күзді тойлаймыз

Сұлтан: Алақай Алақай

Шаттанды балақай

Күз түсті, дән пісті.

Айтамыз алғысты.

Жүргізуші: Балалар біздің мерекеміздің басты кейіпкері жетіспей тұрған сияқты, қалай ойлайсыңдар ол кім? (*Алтын күз*) Ия олай болса келіндер алтын күзге арнап ән шырқайық, біздің әнді естіп қонағымыз келіп қалар.

Ән: «Ортамызға күз келді»

Жүргізуші: Кенеттен бір жылаған дауыс естіледі. Балалар мұқият тыңдайықшы, бұл ненің дыбысы? Сендер де естіп тұрсыңдар ма? Ия біреу жылап жатқан сияқты, достар бұл дыбыс қайдан шығып жатыр? Мына жақтан шығып жатқан сияқты, жақынырақ барып көрерміз, мүмкін біреуге біздің көмегіміз керек болып жатқан шығар.....? Гүл күлтешесінің ішінен Алтын күз шығады.

Жүргізуші: Алтын күз саған не болған? Неге жылайсың? Мұнда балалар әдемі киініп, ән жырын жаттап, сені тағатсыздана күтіп отыр ғой, мұнда тығылып жылап отырғаның не?

Алтын күз: Мен де балаларды сағынып асығып келе жатыр едім, құр қол келмейін деп, балаларға сыйлық дайындаған едім, сыйлығымды сандыққа салып жолда түсіп қалмасын деп, қақпағын сиқырлы сөздермен жаптым, ал сиқырлы сөзді ұмытып қалмау үшін сары алтын түстес жапырақтарға жазып қойдым. Біраз тынығып алайын деп ұйықтап кетіпшін, ұйқымнан тұрсам бұзық жел келіп айналаны алай-дүлей қылып жапырақтарымды ұшырып әкетіпті. Енді сандықты аша алмай отырмын, сыйлықсыз сендерге қалай барамын, барлық бала менен тек сыйлық күтіп отыр ғой.

Жүргізуші: Мұңайма, Алтын күз біз саған міндетті түрде көмектесеміз. Балалар барлығымыз сиқырлы жапырақтарды бірге іздейік. Олай болса ең алдымен орманға барайық.

Алтын күз: Міне орманға да жетіп келдік, сиқырлы жапырақтарымды қайдан іздесек екен? Мүмкін орман тұрғындары бізге көмектесер? - Ауууу ! Орман тұрғындары қайдасыңдар? Кім бар мұнда шығыңдар?

(музыка әуенімен ортаға Орманшы ата шығады)

Орманшы: Шақырсандар мен келдім,

Осы орманның атасымын

Сақалымды тарап күнде

Осы орманды қоримын

Ағаштар мен бұталарды,

Жеміс-жидек, гүлдерді

Осы орманның тұрғындарын

Түгелдей мен қорғаймын.

Ал сендер кімсіңдер? Мұнда не істеп жүрсіңдер?

Алтын күз: Орманшы ата тыңдаңыз, Балалармен бірге біз Сиқырлы сөздер жазылған Жапырақтарды іздеп жүрміз Табуға сол жапырақтарды Көмектесіңізші өтініш.....

Орманшы: Жапырақтар дейсіңдер ме?

Ияяя... Кеше сұмдық дауыл болды сол дауылда мұнда бір ерекше жапырақ ұшып келді

Алтын күз: Ой біз іздеген жапырақша, Мүмкін сол жапырақ шығар? Орманшы ата, сіз бізге сол жапырақты бересіз бе?

Орманшы: Бер дейсің бе? Жоооқ, ол жапырақты жайдан-жай бере алмаймын сендерге... Көмектесіңдер сендер де, Орманды ретке келтіруге...

Ойын: «Кім жылдам?»

Орманшы: Балаларым көп рахмет, көңілімді көтеріп қуанттыңдар мені де. Міне жапырақ алыңдар, Сау-сәлемет болыңдар!

Алтын күз: Олай болса балалар Мұнда текке тұрмайық, жолымызды әрі жалғайық.

Алтын күз: Ой, балалар, біз орманда жүргенде аспанды бұлт торлапты, ауа райы бұзылып жаңбыр жауа бастапты.

(Сол сәтте жаңбырдың дауысы шығады)

Жаңбыр: Сәлем сәлем балақайлар мен күлегеш жаңбырмын көйлегімде тамшыларым ілулі.

Алтын күз: Кел жаңбырым келе ғой бізбен бірге көңіл көтер балалармен бірге біз сиқырлы сөздер жазылған жапырақтарды іздеп жүрміз табуға сол жапырақтарды көмектесші өтініш.

Жаңбыр: Айналаның барлығын жуып шайып шығатын тамшыларым бар менің солардан көмек сұрайын

Би: «Бұлттар»

1-тамшы: Жаңбыр жауды шөпке де,

Жапыраққа да, ағашқа

Анау тұрған ағаштың

Түбінде жатыр жапырағың Сау болыңдар достарым!

2-тамшы: Сендер ғажап жансыңдар,

Шын айтамын сеніңдер

Сендерменен бір жүру,

Ойын ойнап, секіру

Қатты бізге ұнады,

Амал қанша кету керек

Күтіп қалды бізді бәрі. Сау болыңдар достарым!

(музыка әуенімен жаңбыр шығып кетеді)

Алтын күз екінші жапырақты тауып алады) –

Жүргізуші: Ой, балалар тыныш-тыныш мұнда біреу келе жатыр

(ортаға саңырауқұлақтар кіріп келеді)

Ән: «Кап кап»

Саңырауқұлақ: Біз саңырауқұлақ, саңырауқұлақ,

Ағаш біздің үйіміз

Мақтан етсең біздерді-ай,

Сізді жақсы көреміз

Саңырауқұлақ: Біз көңілді саңырауқұлақ,

Жабырқауды білмейміз

Ән айтып, би билейміз

Шаттанамыз бірге біз.

Алтын күз: Амансыңдар ма достарым,

Қандай ғажап билерің

Балалармен бірге біз

Сиқырлы сөздер жазылған
Жапырақтарды іздеп жүрміз
Табуға сол жапырақтарды Көмектесіңдерші өтініш.

Саңырауқұлақ: Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты,
Орман да бір тойласын,
Мерекемен жайнасын,
Алдыменен тұрыңдар
Әнмен шашу шашыңдар,
Қол соғып біз қоштайық.

Би: «Саңырауқұлақтар»

Саңырауқұлақ: Қандай әсем әндерің

Ғажап күйге бөлендім
Жапырақтарың сиқырлы
Тұр ағашта ілулі
Сау болыңдар достарым,
Тек сәттілік тілеймін!

Алтын күз: Балалар міне сиқырлы жапырақтардың барлығын таптық. Енді балабақшаға қайтып, сыйлықтарыңды сендерге табыстайын.

Жүргізуші: Алтын күз, асықпа, алдымен біздің балаларымыздың саған арналған ән-жырларын, өнерлерін тамашала, сыйлықтарды сосын таратасың.

Алтын күз: Жарайды, ендеше өнерлеріңді тамашалайық!

Ән: «Жапырақтар»

Жүргізуші: Келесі кездескенше сау болыңыздар!

Қорытынды: «Мерейлі күз, мырза күз» атты ертеңгілік кешіміз жоғары деңгейде өтті. Ата-аналардың барлығы белсене қатысты және қолдау көрсетті. Бүлдіршіндеріміздің костюмдерің дайындауға ата-аналар белсене қатысып, нәтижесінде балалардың костюмдері керемет шықты.



МКҚК №17 «Шұғыла» бөбекжай балабақшасы

**«Күзгі бақ ғажайыптары»
ата-аналармен бірлесіп өткізілген көрме**

**Тәрбиешілер: Тукбаева Б.А.
Серікқызы А.**

Ақтөбе 2023-2024ж.


«Күзгі бақ ғажайыптары» ата-аналармен балалардың бірлесіп жасаған қолөнер көрмесі.



Бүлдіршіндеріміздің еңбектерін бағалау мақсатында әр балаға марапаттау қағазын тапсырдық.



Қорытынды: Ата-аналар мен балалардың еңбектерін бағалау мақсатында қолөнер көрмесіне белсене қатысқан балаларға мақтау қағазы берілді. Болашақта ата-аналармен тағы басқа бағытта жұмыс түрлерін жүргіземіз деген ойдамыз. Қолөнерлер өте әдемі шыққан. Ата-аналарымызға алғыс. Болашақта осындай іс шараларымызға белсене қатысып тұрады деген ойдамыз.



**№1 «Бөбек» ортаңғы қазақ тобының ата-аналар жиналысының
хаттамасы**

Хаттамасы №3

Өткізілген уақыты: 01.11.23ж.

**«Мерейлі күз, мырза күз»
(күз мерекесі)**

1. «Мерейлі күз, мырза күз» күз мерекесі ертеңгілік
2. «Күзгі бақ ғажайыптары» ата-аналармен бірлескен қолөнер көрмесі

Мақсаты: Күз мезгілінің өзгерістерін ұғындыру, мерекелік көңіл-күй орнату. Балалардың ән айту, би билеуге деген ынталарын арттыру.

«Мерейлі күз, мырза күз» атты ертеңгілік кешіміз жоғары деңгейде өтті. Ата-аналардың барлығы белсене қатысты және қолдау көрсетті. Бүлдіршіндеріміздің костюмдерің дайындауға ата-аналар белсене қатысып, нәтижесінде балалардың костюмдері керемет шықты.

«Күзгі бақ ғажайыптары» ата-аналармен балалардың бірлесіп жасаған қолөнер көрмесі. Ата-аналар мен балалардың еңбектерің бағалау мақсатында қолөнер көрмесіне белсене қатысқан балаларға мақтау қағазы берілді. Болашақта ата-аналармен тағы басқа бағытта жұмыс түрлерін жүргіземіз деген ойдамыз. Қолөнерлер өте әдемі шыққан. Ата-аналарымызға алғыс. Болашақта осындай іс шараларымызға белсене қатысып тұрады деген ойдамыз.

Жиналыс қаулы етті:

Ата-аналар тәрбиешілермен бірлесіп жұмыс жасауы одан әрі жалғастырайық.

МКҚК №17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы



Тұмау мен ЖРВИ ауруының алдын алу жөніндегі кеңестер

Тәрбиешілер: Тукбаева Б.А.
Серікқызы А.

Ақтөбе 2023ж.



Тұмау және ЖРВИ алдын алу жөнінде кеңестер

Ата аналардың назарына Тұмау ауруы күзгі қолайсыз ауа райы мен қысқы салқынның ажырамас бөлігі іспетті. Осы кезеңде адамдарда тұмаурату мен жөтел, жалпы әлсіздік пен қызудың көтерілуі байқалады. Тұмау және басқа ЖРВИ (жіті респираторлық вирустық инфекция) несімен қауіпті? Тұмау және басқа да ЖРВИ жоғарғы тыныс жолдары, жүйке жүйесі, құлақ және жоғарғы тыныс органдарының зақымдануымен қауіпті. Асқынулар 3 жасқа дейінгі балалар арасында жиі кездеседі, себебі олардың иммунитеті әлі де жетілмеген және жүйке жүйесі толық қалыптаспаған. Тұмау және басқа ЖРВИ сырқаттану балалар арасында ересек адамдарға қарағанда жыл сайын 4-5 есе жоғары болады. Соның ішінде 5 жасқа дейінгі балалар арасында тұмау және ЖРВИ ауыр ағымда өтіп, асқынулар туындауы мүмкін. Респираторлы ауруларға шалдығу мүмкіндігі мектепке дейінгі балалар мекемесіне және мектепке баратын балалар арасында жоғары, себебі үлкен ұжымдарда инфекция тез таралады.

Тұмау – жоғары тыныс алу жолдары зақымдалу және уыттану белгілерімен сипатталатын жұқпалы инфекциялық ауру. Ауру адамнан сау адамға жөтелген, түшкірген кезде ауа тамшысы арқылы беріледі.

Тұмаудың белгілері мыналар - тамақ ауруы, дене қызуының көтерілуі, бас ауруы, сонымен қатар, бұлшық еттің ауруы, осыдан барып адам еңбекке уақытша жарамсыз болып қалады. А,В,С грипп вирусымен түр- түріне бөлінеді. Тұмау ауруы 5-10күнге дейін созылып қайта өрбіп асқынып кетуі мүмкін. Асқынған ауру бактериалды инфекциялармен қозып (отит,гайморит) ауруларына айналады.

Тұмау және ЖРВИ алдын алу: баланы вирустан қалай сақтауға болады?

- Вакцинация. Жылына бір рет, күз айларында, барлық жанұя мүшелерінің тұмауға қарсы вакцина алуына кеңес беріледі. Жыл сайын біздің облысымызда ақысыз түрде тұрғындардың неғұрлым әлсіз топ өкілдері: балалар үйінің, сәбилер үйінің тәрбиеленушілері, мектеп – интернат оқушылары, қарттар үйіндегі адамдар, медқызметкерлер егіледі. Сонымен қатар осы жылдың қазан айынан бастап қаланың барлық емханаларында ақылы түрде тұрғындарға вакцинация жасалады;
- Тұмауға қарсы витаминдік профилактика балалар мен ересек адамдардың респираторлық вирустарды жұқтыруына тосқауыл болады. Респираторлық вирустарға қарсы тұруға жеке бас тазалығын сақтау және белсенді салауатты өмір салты көмектеседі, соның ішінде:
- Жоғарғы тыныс жолдарының кілегей қабаты және тері жамылғысының тазалығы (тамақты шаю, мұрын қуысын шаю, қолды жиі сабындап жуу және тұрақты шомылу шаралары);
- Үйдің тазалығын сақтау – қоршаған орта әсерінен тұмау вирусы тез жойылады (тұрақты түрде бөлмелерді желдету және ылғалды тазарту, бөлме температурасын 20-24С және ылғалдылықты 30-35% аралығында ұстау);

- Көкөніс пен жеміс-жидектен тұратын толыққанды байытылған тамақ көздерін пайдалану;
- Дене шынықтырумен, спортпен айналысу және организмді шынықтыру. Егер бала сыр аурудың асқынуынан сақтайсыз. Мұрын қуысына “Оксолин” майын жағыңыз — ол вирустың таралуына тосқауыл болады. Оны науқас та, сырқаттанбаған адам да пайдалануға болады. Баланы үй жағдайында өзіңіз емдемеңіз – бұл оның денсаулығы мен өміріне қауіпті. Дәрігер шақыртыңыз – себебі тек білікті маман ғана дұрыс диагноз қойып, ем-шара тағайындай алады. қаттанса — не істеу керек? Ең бастысы – үйде қалыңыз. Осылайша сіз балаңызды аурудың асқынуынан сақтайсыз. Мұрын қуысына “Оксолин” майын жағыңыз — ол вирустың таралуына тосқауыл болады. Оны науқас та, сырқаттанбаған адам да пайдалануға болады. Баланы үй жағдайында өзіңіз емдемеңіз – бұл оның денсаулығы мен өміріне қауіпті. Дәрігер шақыртыңыз – себебі тек білікті маман ғана дұрыс диагноз қойып, ем-шара тағайындай алады.

Аурудың алғашқы белгілері пайда болса:

1. Үйде қалыңыз;
2. Төсек режимін сақтаңыз;
3. Бөлмені күніне 2 рет таза ауамен желдетіңіз;
4. Мұрыннан су аққанда, жөтелгенде, медициналық демперде киген жөн;
5. Сусын, шай, шырын түрінде сұйықты көп ішіңіз;
6. Жеке бас тазалығын сақтаңыз;

Жіті респираторлық вирустық инфекция және басқа да вирусты инфекциялардың алдын алу шаралары

1. Үйден шығарда мұрныңыздың ішіне оксалин жақпасын жағыңыз;
2. Адамдар көп жиналған жерден аулақ болыңыз;
3. Сұйықты көп ішіңіз, таза ауада көп жүріңіз;
4. С дәрумені бар тағамдарды көбірек қолданыңыз;
5. Халық емін қолданыңыз(пияз, сарымсақ).



МКҚК №17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы

Сауалнама

«Сіз қандай ата-анасыз?»

Тәрбиешілер: Тукбаева Б.А.

Серікқызы А.



Ақтөбе 2023 ж.



«Сіз қандай ата-анасыз?»

Сауалнама

1. Кез-келген ісіңізді тастай салып, баламен айналыса аласыз ба?
2. Балаңыздың жасына қарамай, онымен ақылдаса аласыз ба?
3. Балаңызбен қарым-қатынас барысында жасаған қателеріңізді мойындайсыз ба?
4. Өз қателігіңіз үшін балаңыздан кешірім сұрайсыз ба?
5. Бір сәтте сізге мейірімді адам деп сенуге бола ма?
6. Өзіңіздің басыңыздан өткен балалық шағыңыздан ескерілетін жағдай айтасыз ба?
7. Балаңыздың жүрегін жарақаттайтын сөздерді сөйлем тіркестерін атамауға тырысасыз ба?
8. Балаңызға уәде беріп, жақсы мінез-құлқын ескере отырып, уәдеңізді орындайсыз ба?
9. Балаға қалаған ісін жасауға, өзін ұстауға кедергі жасамай бір күн еркіндік бересіз бе?
10. Басқа бала сіздің балаңызға дөрекілік көрсетсе, себепсіз ренжітсе көңіл аударасыз ба?
11. Балаңыздың көз жасы, дөрекі еркелеуі уақытша екенің білесіз, соған қарсы тұра аласыз ба?
12. Балаңыздың ісі ашуландырған кезде, өзіңізді ұстап, ашуды жеңе аласыз ба?
13. Балаңыздың орнына өзіңізді қоя аласыз ба?

Жауаптары:

1. Әрқашан жасаймын, келісемін – 3 ұпай
2. Кейде ғана келісемін – 2 ұпай
3. Келіспеймін ұпай – 1 ұпай

Кілті:

0-16 - Бала тәрбиесі сіз үшін үлкен мәселе. Бала тұлғасын дұрыс қалыптастыру үшін педагог немесе психолог мамандарының көмегіне сүйеніңіз.

17-30 - Балаға қамқорлық жасау бірінші кезектегі маңызды іс. Сіздің бойыңызда тәрбиелік қабілет бар, тәжірибеде әрқашан бір қалыпты, бір бағыттағы мақсатпен әрекет етесіз. Кейде қатал, кейде мүлдем жұмсақсыз. Сізге жацапкершілікпен ойлану керек.

31-39 - Бала сіздің өміріңіз үшін ең құнды болғаны. Сіз балаңызды тек түсініп қана қоймай, әрі ойын тануға, сыйлы көзбен қарауға тырысасыз.

Хаттама №4

Өткізілген уақыты: 17.11.23ж.

Қатысқаны: 15

Қатыспағаны: 10

Күн тәртібінде

1. Тұмау мен ЖРВИ ауруының алдын алу жөніндегі кеңестер.
2. «Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнама жүргізу.

1. Тұмау – жоғары тыныс алу жолдары зақымдалу және уыттану белгілерімен сипатталатын жұқпалы инфекциялық ауру. Ауру адамнан сау адамға жөтелген, түшкірген кезде ауа тамшысы арқылы беріледі. Тұмаудың белгілері мыналар - тамақ ауруы, дене қызуының көтерілуі, бас ауруы, сонымен қатар, бұлшық еттің ауруы, осыдан барып адам еңбекке уақытша жарамсыз болып қалады. А,В,С грипп вирусымен тұр- түріне бөлінеді. Тұмау ауруы 5-10күнге дейін созылып қайта өрбіп асқынып кетуі мүмкін. Асқынған ауру бактериалды инфекциялармен қозып (отит,гайморит) ауруларына айналады.

Ата-аналарға тұмау ауруы туралы ақпарат берілді, тұмаудың алдын алу жолдары туралы айтылды. Сактандыру шаралары жүргізілді. Ата-аналарға бала денсаулығына көп көңіл берілуі қажет екені ескертілді.

2. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында «Сіз қандай ата-анасыз?» деген сауалнама жүргізілді.

Сауалнама сұрақтарына та-анадар нақты жауап беріп, өз ойларын ашық жеткізді. Балатәрбиесі ата-ана үшін басты мәселе, солсебепті ата-ананың басты мақсаты, балаға жауапкершілікпен қарау.

Қаулы етілді:

1. Бала денсаулығына немқұрайлы қарамау.
2. Бала бойынан қандай да бір ауру белгілерін байқаса, дәрігер көмегіне жүгіну
3. Бала тәртібіне жауапкершілікпен қарау.

Ата-аналар комитетінің төрайымы: Қабылбаева Ә.

Хатшы: Серғазықызы А.



Бала дамуында, тәрбиелеу кезінде күн тәртібінің маңызы

Тәрбиешілер: Тукбаева Б.А.
Серікқызы А.



Ақтөбе 2023 ж.

Бала дамуында, тәрбиелеу кезінде күн тәртібінің маңызы

Отбасындағы бала тәрбиесінің дұрыс болуы, ондағы ересектер әрекетін бірлігі мен ынтымақтастығына тікелей байланысты болады. Бұл өз кезегінде отбасындағы тәрбиелеу және білім беру жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл бала дұрыс өсіп-жетілу үшін жағымды гигиеналық жағдай, әр түрлі іс-әрекет түрлерін және бос уақытын, дем алуын және т.б. ойластыруды көрсетеді. Демек, бұл қандай жаста болмасын баланың бір күндік күн тәртібін дұрыс ұйымдастырудың аса мәнді екендігін дәлелдейді. Сондықтан, «күн тәртібінің» дұрыс ұйымдастырылуы – баланың жан-жақты дамуы үшін аса қажетті тәрбиелеу – білім беруші іс-шаралар жүйесі ретінде күн тәртібін жүзеге асырудың шарты болмақ.

Дұрыс құрылған күн тәртібі дегеніміз күн барысындағы сергу мен ұйқының үйлесуі, іс-әрекеттің әр түрінің және сергу процесіндегі демалыстың мақсатқа сәйкес тиімді алмасуы, яғни:

- 1) отбасында сабақ, еңбектің ұйымдастырылу уақыты мен олардың демалыспен сәйкес келуі;
- 2) уақытында дұрыс тамақтану;
- 3) ұйқының қануы;
- 4) таза ауада жеткілікті серуендеу.

Күн тәртібінің маңыздылығы мен қажеттігі мынада, ол дененің ішкі мүшелері мен организмнің физиологиялық жүйелерінің дұрыс қалыптасуын және баланың сергектігін қамтамасыз етеді, жүйке жүйесін артық шаршаудан қорғайды, өз уақытында дұрыс дамуы үшін жағымды жағдай орнатады, жағымсыз факторлардың әсеріне қарсы тұру, жаңа жағдайларға бейімделе білу қабілетін қалыптастырады.

«Күн тәртібінің» нақты, айқын болуы балаға өмірлік қажетті дағды мен іскерліктерді (жинақылық, ұқыптылық, уақытты тиімді пайдалану және т.б.) меңгеруге көмектеседі. Күн тәртібінің әр түрлі іс-әрекетте балаңыздың қажеттілігін қанағаттандыра отырып, олардың алдағы сабаққа қызығушылығын, белсенділігін, яғни ақыл-ойы дамуын жеделдететінін есте ұмытпаңыз. Күн тәртібін сақтауды қамтамасыз ететін шарттардың үнемі болуы балада мінез мәдениетін тәрбиелеуге, жинақтаған іскерліктері мен дағдыларын бекітуге де мүмкіндік береді. Баланың денсаулығы жақсы болуы және қалыпты, дұрыс дамуы үшін күн тәртібінің барлық жас кезеңдерінде сақталғаны дұрыс. Күн тәртібі балалардың жас ерекшелігін есепке алып құрылуы тиіс. Жалпы күн тәртібін құрудың негізгі принциптері әр түрлі жастағы балалар үшін ортақ болып табылады. Әр түрлі жастағы балалар үшін күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру дегеніміз балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін есепке алу және сол жас кезеңіне сәйкес тиісті педагогикалық әдістер мен тәсілдерді қолдана білу деген сөз. Әр түрлі жас кезеңдеріне байланысты күн тәртібінің орындалуының дұрыс болуы, оның балаларға

сауықтырушылық және тәрбие берушілік әсерінің нәтижелі болуы, көпшілік жағдайда ата-аналардың педагогтардан, мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінен тиісті кеңес алып, тығыз байланыста болуына байланысты.

Балалардың уақыты мен ұйқысын ұйымдастыру

Бала жасы есейген сайын белсенді қимылдайды. 5-6 сағатқа дейін үзіліссіз әрекет ету қабілеті бар. Сондықтан осы жас кезеңінде олардың іс-әрекетін дұрыс ұйымдастырудың маңызы өте зор. Баланың белсенді әрекет етуі көпшілік жағдайда оның жұмысқа қабілеттілігіне, көңіл-күйіне, ұйқысының дұрыс болуына байланысты.

Балалардың тамақтануы

Баланың қалыпты дене және нервтік-психикалық дамуы жасына байланысты дұрыс тамақтануына байланысты екендігін есте ұмытпаңыз. Ең бастысы – уақытында, мөлшерімен, 4 рет тамақтануды дұрыс ұйымдастыра білу. Мүмкіндігінше тамақ түрін өзгертіп отырған жөн болады. Баланың үйлесімді дамуы және зат алмасуы қалыпты жүруі үшін тамақтың құрамында организмді энергиямен толықтырушы қажетті элементтер болып саналатын көмір, май, белоктардың жеткілікті болғанына назар аударыңыз. Ас мәзірін әзірлегенде ұннан, тарыдан, көкөністен істелетін тағамдардың үйлесіп келуіне мән беріңіз. Бала тағамының құрамында сүттен даярланатын тағамдардың болуы міндетті (қаймақ, ірімшік, айран т.б.). Ең бастысы баланы күштеп, зорлықпен тамақтандырмау керек, керісінше өзінің тамақтануға тілегі пайда болу үшін жағдай жасау керек. Бала тамақтан ұшынып қалмау үшін біркелкі санитарлық-гигиеналық ұсыныстар:

- тамақты тек сапалы өнімдерден әзірлеу;
- тамақты даярлау технологиясын сақтау;
- тез бұзылатын және даяр тамақты дұрыс сақтау;
- арнайы ас бөлмесінің ыдыстарының болуы;
- гигиенаны сақтау;
- ас бөлмесін үнемі таза ұстау.

Серуен

Таза ауада болу – баланың денсаулығын нығайтады және организмді шынықтырады, танымдық мүмкіндіктері мен қимыл-қозғалыстарын белсендіретінін ұмытпаңыз. Бала күнделікті қандай болмасын ауа райында 4-5 сағат серуендеуі керек. Жыл мезгілі ауысуына байланысты серуен уақытының өзгеріп отыруы да мүмкін. Әр серуенде балаңызбен бірге қандай іспен айналысатындарыңызды міндетті түрде жоспарлаңыз. Дұрыс ұйымдастырылған серуен – қимыл-қозғалыс және спорттық ойындарды, дене жаттығуларын қолдануды, бақылау, еңбек, өздігінен іс-әрекетпен айналысу және т.б. көрсетеді.

Отбасындағы сабақ

Әрине, отбасындағы ұйымдастырылатын білім беру жұмыстарының білім беру мекемелеріндегідей өткізілмейтіні түсінікті. Дегенмен, ата-ана күнделікті

баласына оған өмірлік қажетті қарапайым білім, іскерліктер мен дағдыны қалыптастыруға талпынуы қажет. Отбасында ұйымдастырылатын білім беру жұмысының түрлеріне: тіл дамыту, сөздік қорын молайту, айнала қоршаған заттар және құбылыстармен таныстыру және т.б. жатады. Мысалы, тілін дамытып, сөздік қорын молайту мақсатымен бала жасына сәйкес шағын ертегі немесе әңгімені оқып беру, оны әңгімелеу, шағын тақпақ, өлең жаттау, суреттерді, кітап суреттерін пайдаланып әңгіме құрастыру т.б. Қоршаған ортамен таныстыруда, мысалы, ас бөлмесіндегі, ұйықтайтын бөлмедегі, дем алатын бөлмедегі жиһаздармен (түр-түсін, жасалуын, атқаратын қызметін, аталуын) таныстыруға болады.

Ұйқы

Ұйқы – бұл адам организмінің қажеттілігі. Оны толық қанағаттандыру адамға жақсы көңіл-күй және күш береді. Мектеп жасына дейінгі баланың ұйқысының дұрыс болуы, оның нақты денсаулығы мен дұрыс дамуының негізі болмақ. Бала күніне 11-12 сағат ұйықтайды. Ал күндізгі ұйқының ұзақтығы баланың жасына байланысты 2-2,5 сағатқа созылуы мүмкін. Бала төсегінің, жастығының, ұйықтағанда киетін киімінде өзіне шақ болғаны жөн. Баланың ұйықтап жатқандағы денесінің қалпы, оның ұйқысына әсер ететінін ұмытпаңыз. Ең бастысы, баланың ұйқысы дұрыс болуы үшін оны үнемі бір уақытта ұйқыға жатқызып үйрету керек.

Отбасында баланың күн тәртібін құрудың үлгісі

– 8.00 – ұйқыдан тұру, жуыну, таңғы жаттығу.

Әрине, отбасы жағдайына және баланың денсаулығына байланысты, мүмкіндігінше, сумен шынықтыру шараларын жасаған жөн. Денені сүртіп, ысқылау үшін арнайы қолғапша киіңіз. Балаңыздың денесін сумен шайып немесе дымқылдап ысқылап болған соң, құрғақ орамалмен денесін жаймен сүртіңіз. Денеге су құю – бұл шынықтырудың ең күшті құралдарының бірі. Судың температурасын 3-5 күн сайын төмендетіп отырыңыз. Әрине сумен шынықтыру шарасын көктемгі-жазғы мезгілде организмнің салқын тию ауруларына қарсы тұра алуы жоғары кездерде бастаған жөн және ол ары қарай жылдың кез келген мезгіліне жалғасуы, сонымен қатар үзбей, жүйелі жүргізілуі қажет. Бастапқыда балаңызды өзіңізді немесе отбасындағы басқа ересек адамның көмегімен, кейіннен өздігінен ұйқыға жатар алдында аяғын сумен шаюға үйретіңіз.

– киіну, тарану. Таңғы ас. «Біз еңбектенуді жақсы көреміз»

Мүмкіндігінше, таңғы астан соң баламен бірге болыңыз. Балаңыздың жасына байланысты шағын әңгіме немесе ертегі, тақпақ, өлең оқыңыз немесе бұрынғы оқығандарыңыз жайлы әңгімелесіңіз, сурет салыңыздар, мүсіндеңіздер т.б. Тіпті үйге пайдалы бір іспен айналысыңыздар.

– «Күн, таза ауа – біздің ең жақын достарымыз». Серуен. Күнделікті таза ауада баланың таңертеңгі (1,5-2 сағат) және кешкі (2-2,5 сағат) уақытта 4-5 сағат

жүргені дұрыс. Әрине бұл уақытта баламен бірге ересек адамның болғаны жөн.

12.00 – Түскі ас

13.00 – 15.00 – Түскі астан кейінгі дұрыс ұйымдастырылған ұйқы баланы тынықтырады, жүйке жүйесін қалыпқа келтіреді.

15.00 – 16.00 – «Біз ойлаймыз, еңбек етеміз, шай ішеміз». Бесін ас

16.30 – серуен

18.00 – серуеннен оралу. Серуеннен оралған соң, жуынып шайынады. Отбасы кешкі асқа әзірленеді. Балалар ойын ойнайды, музыка тыңдайды, кітап суреттерін көреді және т.б.

19.00 – кешкі ас. Кешкі астан соң дем алады, теледидар көреді. Сағат 21-де баланы ұйқыға жатуға әзірлеу керек.

Күн тәртібін түзгенде мына талаптарды ескерген жөн:

1. Негізінен балалардың жас ерекшеліктерін ескеру. Жасына қарай қимылдарының күрделенуі, жаңа қимылды ойындарды енгізу, ойын уақыты ұзарып, үлкендер тарапынан қарым-қатынастың өзгеруі.
2. Жоғары жүйке ерекшеліктерін ескеру (ми клеткаларының жұмысқа қабілеттілігі, ұйқысы мен сергектігі).
3. Баланың денсаулығы, психикалық даму дәрежесі және қарым-қатынас жасау мүмкіндігін ескеру.
4. Ауа райының жағдайын, жыл мезгілдерін ескеру.
5. Күн тәртібінің тұрақтылығын және ата-аналарының жұмыс істейтін мерзімін ескеру.

Балалардың өсіп, дамуы үшін күн тәртібінің дұрыс жасалуы – бала көңілінің байсалды, сергек, шат-шадыман, мінезінің бірқалыпты болып қалыптасуын қамтамасыз етеді. Сондықтан нәрестелік, бөбектік, сәбилік шақтағы балалардың күн тәртібін жасауда жүйке клеткаларының жұмыс істеу қабілетін ескеру (ойнату, сергіту, тамақтандыру, серуендету мерзімін), жүйке қызметін қалпына келтіру үшін ұйықтау мерзімін анықтау, тамақтану уақытын тұрақтандыру, бұл шақта бала жүйкесінің жұмыс істеу қабілеті өзгеріп отырады (жаңа туған бала тәуліктің көп уақытын ұйқымен өткізсе, 2-3 айлық бала 1,5 сағатқа дейін ұйқысыз жата алады, 1 жаста 3-3,5 сағат бойы сергек күйде болады, 3 жаста 5,5-6 сағат, мектеп жасына дейінгі кезеңде 6-7 сағатқа дейін ұзарады).

Тамақ күніне 4 рет, 3,5-4,5 сағатта бір беріледі. Ал, сапалы тамақ денсаулыққа пайдалы, тәрбиелік жағынан ықпалды болуы үшін тамақтану уақыты ғана еске алынып қоймай, оны тиімді өткізу жағы да көзделуі қажет.

Балабақшада тәулік бойы болатын балалар топтарының күн тәртібін құрудың өзіндік ерекшелігі бар. Бұларға күн тәртібін жасағанда жалпы бағдарламалық талаптарға сүйенумен қатар, тәрбиеленушілердің балабақшада болу уақытының ұзақтығы ескеріліп, жүргізілетін шынықтыру және тәрбие

шаралары, жеке-дара жұмыстар, оқу, мәдени-гигиеналық дағдылар қалыптастыру күн тәртібіне енгізіліп, сабақ, серуен мерзімі ұзартылады.

Балалар күн тәртібін үлкендердің басшылығымен орындайды. Оны ұйымдастыратын – тәрбиеші. Ол алғашқы күннен бастап-ақ жүйелі түрде балаларды күн тәртібін орындауға үйретеді, қадағалайды, әр баланың өзі орындайтындай деңгейге жеткізеді. Балабақшаға алғаш келген баланы жаңа күн тәртібіне үйрету бір-екі аптаға созылса, денсаулығы нашарлау, тез ашуланшақ баланы үйрету 5-6 аптаға созылады.

Баланы тәрбиелеудің негізгі шарты – отбасында күн тәртібін дұрыс орындау. Ол үшін тәрбиеші ата-аналарды топтағы күн тәртібімен таныстырып, үйде және демалыс күндері баланың күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруға кеңес береді. Балаға үйде, балабақшада бірдей талап қойылуы көзделеді.

МКҚК №17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы

3-4 жастағы балалардың психофизиологиялық ерекшеліктері

Тәрбиешілер: Тукбаева Б.А.

Серікқызы А.

Ақтөбе 2023 ж.



3-4 жастағы балалардың психофизиологиялық ерекшеліктері

Туған күннен бастап белгілі бір әлеуметтік ортада бала өседі, және тәні де жаны да дамиды. Өртүрлі жасқа байланысты даму кезеңдерінде әртүрлі ерекшеліктерге ие болады. Бір жастан екінші жасқа өту шекарасы, және олардың арасында бөгет болмаса да, әр жастағы ерекшеліктер өзгеріссіз қалмаса да, дегенмен де, педагогикалық теорияда бұрыннан балалық шақтың төмендегідей кезеңдері белгіленді: сәбилік жас — 3 жасқа дейін, мектепке дейінгі жас -3 тен 7-ге дейін, төменгі мектептік жас -7 ден 11-12 ге дейін, т.с.с

Әр кезеңдегі жас ерекшеліктерін ескермей балаларды дұрыс тәрбиелеу мүмкін емес. Алғашқы екі жылда балалардың бас миы өте зор жинақтаушы күш көрсететіні анықталған. Бұл әсіресе баланың тіл дамуында ерекше байқалады. Өйткені балалардың сөз құрауында тітіркендіргіш күшінің (сыртқы әсердің) маңызы үлкен, яғни буындардың дыбыстың күші. Осыдан педагогикалық практика үшін қорытынды: 2-3 жасқа дейін және одан әр балалардың сөзді айтуда қателерді және сөйлеуде мағынасыз бөліктерге бөлуді үнемі түзетіп отыру ата-аналардан және тәрбиешілерден талап етіледі.

Бірінші жастың соңында және екінші жастың басында балалар әлі сөзді толық айта алмайды, естіген сөздерінің екпінді буындарын екімүшелік тізбектерге жинақтай бастайды. «Әже маған су бер» деген сөздің орнына «әже су» сияқты сөздермен алмастырады.

Екінші жас-бала тілінің өте қарқынды даму кезеңі: бала тілінің сөздік құрамы 200-400 сөзге дейін жетеді. Тілдің грамматикалық құрылымы белгілене бастайды.

Төртінші жаста сөздің құрамының баюы және тілдің грамматикалық құрылымының жетілуі одан әрі жалғасады, 4 жастан 6 жасқа дейін сезім эмоцияларды айыра алады сыртқы және ішкі әсерлерден болатын эмоциялар мен сезімдерді, қанағаттану және қанағаттанбау сезімдерін өте дәл айыра алады.

Бес жасқа дейін қалыпты дұрыс даму жағдайында бала ана тілінде еркін сөйлей алады. 5-6 жаста баланың шығармашылық іс-әрекеті күшейеді және оның басты бағыттары көріне бастайды. Жоғары жүйке іс-әрекетінің типі-ойлау, көркем өнер, т.б түрлері анықталады. Сонымен бала тұлғасының ақыл-ой және адамгершілік баюына бала тілінің дұрыс дамуының ерекше маңызы бар екендігі еш күмән келтірмейді. Сондықтан ата-аналар және тәрбишілер балалардың сөзді, буындарды, дауыссыз дыбыстарды (мысалы, р, ш т.б) дұрыс айтуын мұқият қадағалап отыруы қажет. Айтылған сөздерінің нақты заттарға, құбылыстарға, сонымен бірге адамдардың іс-қылықтары мен әсерлеріне сәйкестігіне, сөйлеудің мазмұндылығы мен мәнерлігіне, балалардың сөздік қорының молаюына және оған жинақтаушы сөздердің енуіне аса көңіл бөліп отыру қажет. Балаларды әр түрлі аурулардан және жекелей алғанда олардың тіл дамуына жағымсыз әсер ететін аурулардан қорғап отырған жөн.

Мектепке қабылдауда балаларда танымдық процестердің дамуының өте маңызды ерекшеліктеріне мыналарды атауға болады:

Тіл: Мектепке барар алдында баланың сөздік қоры үлкен кісілермен кәдімгі өмірдің өзіне қатысты кез-келген мәселесі бойынша түсінісе алатындай дәрежеге жетеді. Бұл жаста бала қандай сөзді қолдануға болады, ал қандай сөздер соншалықты жағымсыз, тіпті оларды айту ұят екенін түсінеді. Бала сөзге дыбыстық талдау жасай алады. Сөзді дыбыстарға бөліп, сөздегі дыбыстардың ретін анықтай алады (егер бала балабақшаға барып жүрген болса). Алты жасар бала түсінікті тілмен-контексті тілмен, қатынас жасай алады, яғни не туралы айтылу керектігін жеткілікті түрде толық сипаттан бере алатын тіл деңгейінде, сондықтан да талқыланатын жағдай тікелей қабылдаусыз да толық түсінікті болады.

Сенсорлық даму. Бала заттардың түсін, пішінін, мөлшерін және олардың кеңістіктегі орналасуын айырып қана қоймай, оған ұсынылған заттардың да түрін, пішінін дұрыс атай алады, заттарды мөлшеріне қарай сәйкестендіріп (үлкен, кіші, аз, көп) анықтай алады. Бұл жастағы балалар заттардың белгілі бір эталондарға сәйкестігін көрсете алады. (эталондар — бұл адамзаттың ойлап шығарған заттардың негізгі қасиеттері мен сапаларының үлгісі). Әсерленушілік пен білуге құмарлық қаншалықты басым болғанмен, бұл жаста қабылдау әлі ұйымдаспаған. Әлі де мақсатты түрде қарау және көру, тыңдау және есту, т.б қажетті біліктіліктері қалыптаспаған.

Зейін. Тікелей қызығушылықпен байланысты (ырықсыз зейін), өйткені қызықты іске бала көңілі тез ауады. Ерік күшін талап ететін ырықты зейін әлі де балса нашар дамыған. Айналаны зерттеуге бағытталған баланың танымдық белсенділігі, оның зейінін зерттеу объектілеріне қызығушылығы жоғалғанша аударады. Егер алты жасар бала өзіне маңызды ойынмен айналысқан болса, ол алаңдамай 2 тіпті 3 сағат ойнай береді. Осылайша ол ұзақ бар ықыласын аударып өнімді іс әрекетпен айналыса алады. Алайда бұлай зейінді шоғырландыру – баланың айналысқан нәрсесіне қызығушылықтың салдары. Егер оған ұнамайтын іс-әрекетте ықыласты болу керек болса, ол қажып, алаңдап, тіпті өзін өте бақытсыз сезінеді. Балаға зейінін тәрбиелеуде көмектесу қажет. Үлкендер сөз нұсқаулары арқылы баланың зейінін ұйымдастыра алады. Дегенмен де, бұл жастағы балалар өз тәртіптерін еркін реттей алса да, ырықсыз зейін басым болады.

Балаларға біркелкі жалықтыратын және тартымдылығы аз іс-әрекетпен айналысу өте қиын. Зейіннің бұл ерекшелігі сабақтарда ойын элементтерін енгізу және іс-әрекет түрлерін жеткілікті ауыстырып отыруға негізгі себеп болып табылады.

Ес. Мектепке дейінгі жас-естің қарқынды даму жасы. Ес жетекші танымдық процесс болып саналады. Ес процестерінсіз адам баласы мәдениеттің қандай саласы болмасын, қалағанынша меңгере де, жан-жақты жетіле де алмас еді. Шын мәнінде мектепке дейінгі жаста баланың тілді

меңгеруі соншалықты ол нағыз ана тілін иеленуші болады. Ес бала үшін маңызды оқиғалар мен мәліметтерді жадында қалдырады және сақтайды. Мектепке дейінгі балалық шақ адамның барлық қалған өміріне көп естелік қалдырады. Алты жасар бала енді еркін есте сақтай алады, еске сақтау тәсілдерімен саналы қолдана алады. Бірақта ырықсыз есте сақтау жемісті бола бермек.

Ойлау тіл дамуы және ғылыми ұғымдарды меңгеру бірлігінде дамиды. Баланың сау психикасының ерекшелігі-танымдық белсенділігі.

Ойлау-сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс-қатынастарының адам миында жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі.

Баланың білуге құмарлығы үнемі айналадағы әлемді танып білуге бағытталған. Бала ойын барысында эксперимент жүргізеді, себеп-салдарлық байланысты және тәуелділікті анықтауға тырысады. Ондағы айналадағы өмір құбылыстары бойынша көптеген сұрақтар туындайды. Ақыл- ой жағынан бала қаншалықты пәрменді болса, ол сонша көп сұрақтар қояды және оның соншалықты алуан түрлі болады. Бала заттың бейнесін ғана емес оның қимыл қозғалыстары туралы да ойлайды. Бейнелі ойлау–алты жасар бала ойлауының негізгі түрі. Әрине ол жекелеген жағдайларда логикалық ойлауды да орындай алады, бірақ та бұл жаста көрнекілікке сүйенген оқыту басымдырақ болады.

Белгілі психолог Л.С.Выготский айтқан: «Қандай да бір оқыту үшін тиімді, яғни өте бір қолайлы мерзімдер болады. Олардан жоғары немесе төмен ауытқу, яғни тым ерте және тым кеш оқыту мерзімдері даму жағынан алғанда әрқашан зиянды болып саналады, баланың ақыл-ой даму барысында қолайсыз әсерін тигізеді».

Мектеп жасына дейінгі балалардың үлкен мүмкіндіктерін жүзеге асыруда қолданылатын тәрбиелеу әдістері мен түрлері, мектепке дейінгі жастың психофизиологиялық ерекшеліктері ескеріле отырып құрылған жағдайда ғана ең жоғары нәтижеге жетуге болады. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуды тек дидактикалық ойындар, тікелей бақылаулар және пәндік сабақтар әртүрлі практикалық және бейнелеу іс-әректтері түрінде жүргізуге болады, бірақ ешқашанда дәстүрлі мектеп сабағы түрінде жүргізуге болмайды.

Хаттама №5

Өткізілген уақыты: 22.12.23ж.

Қатысқаны: 14

Қатыспағаны: 11

Күн тәртібінде

1. «Бала дамуында, тәрбиелеу кезінде күн тәртібінің маңызы».
2. «3-4 жастағы балалардың психофизиологиялық ерекшеліктері» туралы кеңес.

1. Отбасындағы бала тәрбиесінің дұрыс болуы, ондағы ересектер әрекетін бірлігі мен ынтымақтастығына тікелей байланысты болады. Бұл өз кезегінде отбасындағы тәрбиелеу және білім беру жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл бала дұрыс өсіп-жетілу үшін жағымды гигиеналық жағдай, әр түрлі іс-әрекет түрлерін және бос уақытын, дем алуын және т.б. ойластыруды көрсетеді. Демек, бұл қандай жаста болмасын баланың бір күндік күн тәртібін дұрыс ұйымдастырудың аса мәнді екендігін дәлелдейді. Сондықтан, «күн тәртібінің» дұрыс ұйымдастырылуы – баланың жан-жақты дамуы үшін аса қажетті тәрбиелеу – білім беруші іс-шаралар жүйесі ретінде күн тәртібін жүзеге асырудың шарты болмақ.

Ата-ана балаға күн тәртібін құрған жағдайда баланың жасына сай күн тәртібін құру қажет. Отбасындағы бала тәрбиесінің дұрыс болуы, тікелей ересектерге байланысты.

2. Туған күннен бастап белгілі бір әлеуметтік ортада бала өседі, және тәні де жаны да дамиды. Әртүрлі жасқа байланысты даму кезеңдерінде әртүрлі ерекшеліктерге ие болады. Бір жастан екінші жасқа өту шекарасы, және олардың арасында бөгет болмаса да, әр жастағы ерекшеліктер өзгеріссіз қалмаса да, дегенмен де, педагогикалық теорияда бұрыннан балалық шақтың төмендегідей кезеңдері белгіленді: сәбилік жас — 3 жасқа дейін, мектепке дейінгі жас -3 тен 7-ге дейін, төменгі мектептік жас -7 ден 11-12 ге дейін, т.с.с

Қаулы етілді:

1. Баланың күн тәртібін қадағалансын.
2. Ата-ана тарапынан бала көп көңіл бөлінсін.

Ата-аналар комитетінің төрайымы: Қабылбаева Ә.

Хатшы: Серғазықызы А.

МКҚК №17 «Шұғыла» бөбекжай - балабақшасы

«Сиқыршы бізде қонақта»

Тәрбиешілер: Тукбаева Б.А.
Серікқызы А.



«Сиқыршы бізде қонақта»

Өткізілген күні: 29.12.23ж.

Тәрбиешілер: Тукбаева Б.А, Серікқызы А.

Музыка жетекшісі: Кенжеболатова А.О.

Кейіпкерлер: Сиқыршы, Аққала, Қарақшы, Аяз ата, Ақшақар

Залға музыка мен балалар келіп отырады.

Сиқыршының кіруі:

Сиқыршы: - Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Жаңа-жыл келді о, міне,

Далама, қалама, жеріме.

Шатыққа бөлеп әр үйді,

Шыға ғой менің төріме.

- Балалар, мен Аяз ата мен Ақшақарды іздеп жүр едім. Аяз ата сендерге әлі келген жоқ па?

Балалар: - Жоқ, әлі келген жоқ!

Сиқыршы: Балалар, жылда жаңа жыл мерекесінде қонаққа кімдер келеді?

Балалар: - Аяз ата мен Ақшақар.

Сиқыршы: Дұрыс айтасындар. Балалар шыршаларың керемет қой, өзі сондай әдемі екен, бірақ шамдары сөніп тұр ғой. Кәне, бәріміз шыршаның шамдарын жағайық. Келіндер балалар. Бірақ балалар біз Аяз ата мен Ақшақарсыз ешетене істей алмаймыз, кәне, хат жазып жолдайықшы, мүмкін біздің хатымыз жетіп қалар.

-Құрметті аяз-ата «Бөбек» тобының балалары шыршаның қасында сізді күтіп жүр, неге кешігіп жатырсыз? Бізді ұмытып кетпедіңіз бе? Сізді асыға күтудеміз.

Сиқырлы таяқпен хатты ұшырып жібереді.

Ән: «Шырша»

Қарақшының кіруі

Қарақшы: мұнда не болып жатыр? Неге мені мерекеге шақырмайсындар?

Қандай мереке болып жатыр?

Балалар: Жаңа жыл

Қарақшы: Неге мені шақырмайсындар а?

Сиқыршы: Ашуыңды бас қарақшы, жаңа жыл мерекесі келіп қалыпты, біз балалармен мерекені тойлап жатырмыз.

Қарақшы: Бірінші мені неге шақырмайсындар, қазір шыршаларыңды шауып-шауып тастаймын осы керекпе сендерге.

Сиқыршы: Ашуыңды бас қарақшы, онда сен бізбен бірге мереке тойла, балаларға қарашы қандай әдемі. Қарақшы сен бізбен бірге ойын ойнасаң қайтеді

Қарақшы: Ойын дейсің бе? Қане, ойын ойнап көрейік. Балалар мен сендерге өзімнің сүйікті ойынымды алып келдім. Ойынның аты «Қоңырау» деп аталады. Бірақ балалар бұл ойынды тек менің шартыммен ғана ойнайсындар, келісесіңдер ме?

Балалар: Иә.

Ойын шарты: Әуенмен балалар ортаға шығып, айналып билеп жүреді, әуен тоқтаған уақытта, балалардың барлығы көздерің жұмып отыра қалады, Қарақшы араларынан бір баланы қоңырау арқылы жасырып қояды, ал қалған

балалар жасырылған баланы табу керек. Ойын бірнеше мәрте қайталана береді.

Қарақшы: Ой керемет балалар, көңілім көтеріліп қалды.

Сиқыршы: Қарақшы бізге ренжімедің бе?

Қарақшы: Жоқ ренжімедім ендеше, келесі жолы мені бірінші шақырыңдар жақсы ма. Ал, менің қайтуым керек. Сау болыңдар балалар, мені ұмытпаңдар.

Сиқыршы: Балалар сендерге ойын ұнадыма?

Балалар: Иә, ұнады.

Ән: «Аққала»

Сиқыршы: Ой балалар бір дауыс естіліп жатыр, біреу келе жатқан секілді.

Аққаланың кіруі қолында хаты бар

Аққала: Амансыңдар ма балалар? Мен сендерге хат алып келдім

Сиқыршы: Кімнен әкелдің, қандай хат? Балалар кімнен келді деп ойлайсыңдар

Балалар: Аяз атадан

Аққала: Хатты Сиқыршыға береді

Сиқыршы: Балалар мен сендерге хатты оқып берейін. Хатта «мен кешігіп келемін, мерекені тойлай беріңдер» деп жазылған екен. Рахмет саған аққала. Аққала қарашы бүгінгі мерекемізде сен сияқты кішкентай аққалаларымыз бар, мүмкін бізбен бірге билерсің.

Би: «Аққала»

Сиқыршы: Аққала, саған балалардың биі ұнадыма?

Аққала: Ия ұнады, өте керемет тамаша балалар. Енді менің қайтар уақытым келді сау болыңдар балалар!

Сиқыршы: Балалар бізге жаңа жылда кім келуші еді.

Балалар: Аяз ата мен Ақшақар

Сиқыршы: Дұрыс айтасыңдар балалар. Ендеше барлығымыз Аяз ата мен Ақшақарды орнымыздан тұрып шақырып көрейік мүмкін келіп қалар.

Аяз ата мен Ақшақарды шақыру

Аяз ата Ақшақар кіруі

Аяз ата: Амансыңдар ма ұлдарым,

Амансыңдар қыздарым

Қандай әсем жырларың,

Қандай жарқын жүздерің

Асулармен алысқан,
Асау желмен жарысқан
Аязата сендерге сыйлықпен келді алыстан
Ақшақар: Сәлеметсіңдер ме балалар!

Жаңа жылдарың құтты болсын.

Сүйсіндірер маңайды.

Ақшақармын арайлы.

Жалт жүт еткен жүзіннен.

Күміс сәуле тарайды.

Сиқыршы: Аяз ата біздің шыршамызды қарақшы келіп сөндіріп кетті осы
шыршамыздың шамын жағып беріңізші.

Аяз ата: Балалар маған жағуға көмектесіңдер

Барлығы: Қуант бізді таңырқат шамдарыңды жарқырат

Ән: «Аяз ата»

Сиқыршы: Әніміз ұнадыма

Аяз ата: Әрине

Сиқыршы: Сіз алыс жолдан шаршаған шығарсыз отырып балаларымыздың
тақпақтарын тамашалаңыз

Тақпақтар

Алтынханым:

Тамаша.тамаша!

Шыршамыз тұр жараса.

Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды қараса.

Раяна:

Жаңа жылым мол болсын

Басқан қадам он болсын

Төрле Төрле Жаңа жыл

Бізге Құтты жыл болсын.

Лия:

Далада қар борайды,

Ақ мамыққа орайды.

Мұз болады, қатады,

Жып-жылтыр боп жатады.

Қарақат:

Жаңа жыл келгенде

Қуанып қарсы аламыз.

Аяз Ата келгенде

Билейміз, ән саламыз.

Али:

Аппақ тонға оранып,

Базарлықты мол алып.

Келді алыс сапардан,

Аяз ата оралып.

Сиқыршы: Аяз ата балаларымыздың тақпағын тыңдадың, енді кезекті қыздарымыздың биіне берсек қалай?

Аяз ата: Қане, қыздарымыздың биін тамашалайық.

Би: «Шырша»

Ақшақардан жұмбақ

Қолы мен қаламы жоқ, Бірақ сурет салады көп. (**Аяз**)

Тікен, тікен, тік біткен. Қысы, жазы бір түсте. (**Шырша**)

Қыста ғана болады Ұстасаң қолың тоңады. (**Қар**)

Сиқыршы: Ортаға ақшақарымызды алып би билейік

Би: «Тики тики»

Аяз ата: Жарайсыңдар балалар, өнерлерің керемет екен. Балалар мен сендерге өте қызықты ойын алып келдім, ортаға менің екі шыршамды шақырайық.

Екі шырша ортаға шығады

Ойын: «Шыршаны безендіру»

Ойын шарты: Шыршаны әр түрлі түсті ойыншықтармен, шарлармен сәндеу.

Ақшақар: Керемет балалар! Аяз атаның сендерге сыйлығы бар.

Аяз ата ортаға сыйлықты алдыртады.

Сыйлық ортаға келеді, шырша артына қашады, артына ақшақар барып сыйлықты алады.

Аяз ата мен Ақшақар сыйлықты балаларға табыстайды.

Аяз ата: Жақсы балалар менің кететін уақытым болды, сендерге көп рақмет!

Келесі жылы кездескенше, сау болыңдар!

Сиқыршы: Аяз ата мен ақшақар сіздерге де рақмет. Қош сау болыңыздар. Келесі жылы кездескенше!

Қорытынды: Жаңа жыл мерекесіне орай ұйымдастырылған ертеңгілігіміз өз мәресіне жетті. Ертеңгілік жоғары деңгейде өтті. Кейіпкерлер мен балалардың костюмдері өте жақсы шықты. Ата-аналарымызға алғыс білдіреміз. Балалар бар өнерлерің көрсетіп би, ән және тақпақтарың да керемет орындап шықты.

Хаттама №6

Өткізілген уақыты: 29.12.23ж.

Қатысқаны: 15

Қатыспағаны: 10

Күн тіртібінде

1. Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру, бірлескен жұмыс.
«Сықыршы қонақта» ертеңгілік.
2. I-жарты жылдықтың қорытындысы

«Сықыршы қонақта» ертеңгілік.

Мақсаты: Балаларда мерекелік көңіл күй тудыру; Көңіл күйді көтеру мақсатында көңілді ойындар ойнату, достық қарым-қатынасын ояту. Жаңа жыл мерекесінің қызықтарын, әдемі көріністерін тамашалау мерекесінің қызықтарын, әдемі көріністерін тамашалау арқылы қоршаған ортаға қызығушылығын арттыру.

Жаңа жыл мерекесіне орай өткізілген ертеңгілік кеші жоғары деңгейде өтті. Балалардың костюмдерін дайындауға ата-аналар белсенділік танытты. Ат салысып қатысқандары үшін ата-аналарға алғыс білдіреміз.

Балалардың көңіл-күйін көтеру үшін аяз-ата, ақшақар, сықыршы, аққала және қаракшы кейіпкерлері келіп, балаларға жақсы көңіл-күй сыйлады.

Қаулы етілді:

Ата-аналар тәрбиешілермен бірлесіп жұмыс жасауды одан әрі жалғастырылсын.

Ата-аналар комитетінің төрайымы: Кабылбаева Ә.

Хатшы: Серғазықызы А.

I – жарты жылдықтың қорытындысы

Балалар жарты жылдың ішінде көп нәрсені үйренді. Біріншіден: балалар дене шынықтыру сабағында сапқа тұруды білді. Өте белсенді болып, берілген тапсырмаларды өте жақсы деңгейде орындады. Пішіндер мен түстерді ажыратуды үйренді. Дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш пішіндерін ажырата алады, сонымен қатар қызыл, көк, сары, жасыл түстерді бір-бірімен ажыратуды үйренді. Желіммен және қағазбен қалай жұмыс жасау керек екенін біледі. Түрлі-түсті карандаш бояуларын қолдануды үйренді. Қазақ тілі, сурет салу т.б. үйірмелерге балалар белсене танытып қатысып жүр. Балалар бір-бірлерімен тіл табысып, жақсы дос болып кетті. Балалар түрлі іс-шараларға қатысып белсенділіктанытып жүр.

Оның ішінде: Ақберен республикалық танымдық-шығармашылық журналы ұйымдастырған, қазан-қараша айындағы Республикалық «Мақатаев оқулары» конкурсна қатысып, жүлделі орындарға ие болды оның ішінде:

1 орын Алтай Али

1 орын Бауржанұлы Дінмұхаммед

1 орын Унерзак Лия жүлделі орындарды иеленді.

«Қыс ғажайыптары» Республикалық сурет, қолдан жасалған бұйымдар және фотосурет байқауына балаларымыз қатысып жүлделі орындарды иеленді. Атап айтсақ:

1. Алтай Али 1-дәрежелі диплом
2. Алтай Айару 1-дәрежелі диплом
3. Батырғали Қарақат
1-дәрежелі диплом
4. Бауржан Муслим 1-дәрежелі диплом
5. Зайнулла Жансерік 1-дәрежелі диплом
6. Жұматыр Аруназ 1-дәрежелі диплом
7. Самғатұлы Мансур 1-дәрежелі диплом
8. Тастанбек Алтынханым 1-дәрежелі диплом
9. Қыдыралиев Сұлтан 2 – дәрежелі диплом
10. Жомарт Раяна 3 - дәрежелі диплом.

Балалар осындай жетістіктерге жетті. Өткен күз, қыс мерекесіне орай өткізілген мерекелік ертеңгіліктерге балаларда белсенді қатысты. Ата-аналарымызда көмек беріп, өз үлестерін қосты. Барлығы жоғары деңгейде өтті

«Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына»



Тәрбиешілер: Тукбаева Б.А.
Серікқызы А.

Ақтөбе қаласы 2024ж.

«Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына»

Мақсаты: Отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық қатынастарын нығайту, ата – анасын сыйлай білетін азамат тәрбиелеу, отбасы құндылықтарын арттыру.

Көрнекілігі: фото стенділер, даналық сөздер, безендірулер, слайд, бейнероликтер.

Отбасы өнегесін алып өскен ұрпақ болашағына зор сеніммен қарайды. Адам баласы шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап сол ортаға бейімделіп, ықпалына көніп ер жетеді. Міне, бүгінгі шарамыздың «Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына» деп аталуы да үлкен мақтаныш. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға – ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші ата – ана. Оның бастау бұлағы ата мен әже!

Құрметті ата-аналар, аталар мен әжелер! Отбасы, ата – ана, бала, ата – әже туралы мақал – мәтелдерді еске түсіріп, әркез оларды қастерлеп жүру үшін тренингке кезек берейік. (Қатысушылар шеңбер болып тұрып, музыка ырғағымен сиқырлы қорапты бір - біріне ұсынады. Музыка тоқтағанда қорапша кімнің қолында қалса сол қатысушы отбасы туралы мақал айтады.)

Дүниеде не тең келер анаға,
Туған одан батыр, ғалым, дана да.
Бар өмірін арнайтуғын балаға,
Ата – ананы жырламаққа бола ма? – дей келе жалынды жыр шумақтарымен кішкентай бүлдіршіндерімізді ортаға шақырамыз.
(Бүлдіршіндер әке, ана, ата – әже туралы тақпақтарын айтады)

Ал, енді келесі кезекті Батырғали Қарақат және оның әжесіне берейік. Олар бізге бауырсақ пісіруден шеберлік сабағын үйретеді.

Кемалова Мейрамгул Иманбаевна

Немересі Батырғали Қарақат

Отбасында көрген жақсы-жаман қылықтардың бәрі бала өміріне әсер етеді. Қазақ салтында отбасы тәлімі – ерекше дәстүр. Отан отбасынан басталады, – деген нақыл сөз бекер емес. Адам өзінің ұрпағынан елді сүйсіндірер ұлы істерді тындырса деген мақсатты нысана етеді, үміт артады. Сол нитепен жақсылыққа баулиды. Отбасы қоғамның негізгі бөлігі, ұрпақтар тарихи сабақтастығының, мәдениеттің, рухани құндылықтардың қазынасы болып саналады. Өнегелі отбасы арақсында мемлекет те өркендейді, халықтың әл-ауқаты жақсарады.

Ойын «Асық ату» әкелері мен балалары арасында өтеді.

Балалар, енді әр отбасында күн өмір сүреді деп көз алдымызға елестетейік, осы күннің шуағы сөнбес үшін отбасында қандай жақсы қарым – қатынастар болуы қажет деп ойлайсыздар?

(Балалар күн шуақты достық мейірімділік, сыйластық, жылылық, қамқорлық т. б. деп құрастырады)

Құрметті ата - аналар, аталар мен әжелер! Отбасы құндылықтарын әркез құрметтейік, әр отбасында сүйіспеншілік, татулық, бірлік болсын!



Хаттама №7

Өткізілген уақыты: 23.01.24ж.

Қатысқаны: 16

Қатыспағаны: 9

«Отбасы құндылығы – сарқылмас казына» шеберлік сабағы

Мақсаты: Отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық қатынастарын нығайту, ата – анасын сыйлай білетін азамат тәрбиелеу, отбасы құндылықтарын арттыру.

Отбасы арасындағы сенімділікті, бірлікті арттыру мақсатында шебердік сабағын ұйымдастырдық. Бұл шеберлік сабағында атасы мен немересі және әжесі мен немересі белсенділік танытты. Түрлі тренинг пен ойындар ұйымдастырылды. Әжесі мен немересі арасында қазақтың ұлттық тамағы бауырсақ дайындалды, ал атасы мен немересі арқан өруден шеберлік сабағын көрсетті. Сонымен қатар әкелері мен балалары қазақ халқының ұлттық ойыны асық ату ойының ойнады. Осылай шеберлік сабағымыз өте қызықты өтті. Балаларымыздың бойына қазақтың ұлттық құндылықтарын дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған шеберлік сабағымыз өте жоғары деңгейде өтті.

Қаулы етілді:

1. Бала бойына ұлттық құндылықты дәріптелінсін.
2. Отбасы арасындағы ауызбіршілікті арттырылсын.

Ата-аналар комитетінің төрайымы: Қабылбаева Ә.

Хатшы: Серғазықызы А.

МКҚК №17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы

*«Мақал – сөздің азығы,
жұмбақ – ойдың қазығы»*

Тәрбиешілер: Тукбаева Б.А.
Серікқызы А.

Ақтөбе қаласы
2023- 2024 ж.



**«Мақал – сөздің азығы,
жұмбақ – ойдың қазығы»**

Мақсаты: «Сөз мәйегі - мақал» дегендей, ата - бабамыздан қалған өсиет сөздері арқылы адамгершілікке, ойын нақты, дұрыс жеткізуге, тапқыр сөйлеуге үйрету.

Құрметті ата-аналар! Бүгін біздің балабақшамызда өтетін «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» жарысына хош келдіңіздер. Бұл сайысқа екі топ қатысады:

1. «Тұлпар» тобы.
2. «Сұңқар» тобы.

Тәрбиеші: Алдымен мақал - мәтел дегеніміз не? Қысқаша тоқталып өтсек: Мақал - мәтел – ата бабамыздан қалған өшпес мұра. Мақалда қорытынды тұжырымды түйін айтылады. Айтылар ой нақты толық жеткізіледі. Мысалы: «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі» деген мақалда елді қорғау, жерді қорғау нағыз жігіттің ісі екендігі айтылып тұр. Ал, мәтелде ой тікелей білдірмей тұспалдап, жанамалап айтылады. Мысалы: «Көппен көрген ұлы той». Мұнда не көрсең де халықпен бірге көр, өз басыңның ғана қамын ойлама деген сөз тұспалдап айтылып тұр.

Ал енді 1-ші бөлімге кезек берейік.

1 - бөлім: «Жалғасын тап» (мақал - мәтелдің басы беріледі, қатысушы топтар мақалды жалғастырады)

- 1 – топқа: 1. Тіл тас жарады,.... (тас жармаса бас жарады)
- 2 топқа: 1. Отансыз адам- (ормансыз бұлбұл)
- 1 топқа: 2. Білекті бірді жығады, (білімді мыңды жығады)
- 2 топқа: 2. Өнер алды- (қызыл тіл)
- 1 топқа: 3.Туған жердей жер болмас,(туған елдей ел болмас)
- 2 топқа: 3. Әдепті бала –арлы бала, Әдепсіз бала(сорлы бала)

Қазақ ауыз әдебиетінен орын алған және ерте заманнан бастап бүгінгі күнге дейін даму, өсу үстінде келе жатқан жанрдың бірі-жұмбақтар. Жұмбақтар заттың өзін айтпай, оның түр, түсін, сыртқы белгілерін, жұмбақ болып отырған затқа ұқсас жақтарын сипаттайды, ал заттың өз атын жасырып ұстайды.

2– бөлім: «Кім тапқыр?»- жұмбақ шешу.

- 1.Үй ішін аралап
Қаптарды жарып,
Түнде көп жортады,
Мысықтан қорқады (тышқан)
2. Желден желігеді
Судан шегінеді. (от)
3. Бұрасаң тетігін,
Өлшемін түн мен күн,
Соғады жүрегі.
Әркім-ақ біледі. (сағат)
4. Еріксе, құйрығымен ойнайды,
Зеріксе, ұйқыға бір тоймайды. (мысық)
5. Ақпыз, сары, көкпіз,
Жүреміз жайнап,
Түрлі, түрлі көппіз.
Арасында шөптің. (көбелек)
6. Күндіз білінбейді, түнде күлімдейді. (жұлдыз)

3 бөлім: Жаңылтпаштар айтудан жарыс:

1. Суға салдым,

Судан алдым

Суға малдым

2. Үш кіші ішік піштім,

Бес кіші ішік піштім,

Неше кіші ішік піштім?!

3. Ай, ай, Айдарбай,

Иір мүйіз сиырды

Үйіне айдай бар!

4 бөлім: Слайдқа қарап, мақал-мәтелдерді табайық.

1. Жеті рет өлшеп, бір рет кес

2. Білім инемен құдық қаазғандай.

3. Көз қорқақ, қол батыр.

4. Ата –бәйтерек, бала жапырақ.

5. Әке-асқар тау,

6. Кітап-алтын қазына.

7. Отанды сүю. отбасынан басталады.

8. Ел іші, алтын бесік.

9. Әкеге қарап, ұл өсер,

Шешеге қарап, қыз өсер.

10. Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің.

5. Қорытындылау. Ата - аналарға алғыс айту!



Хаттама №8

Өткізілген уақыты: 16.02.24ж.

Қатысқаны: 15

«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы»

Мақсаты: «Сөз мәйегі - мақал» дегендей, ата - бабамыздан қалған өсиет сөздері арқылы адамгершілікке, ойын нақты, дұрыс жеткізуге, тапқыр сөйлеуге үйрету.

Ата-аналармен бірлесіп өткізілген сайысымыз өте жақсы өтті. Әр түрлі бөлімдерден тұратын сайысымызда ата-аналар өз білімдерін жетік көрсете білді. Бірлесе қатысқан ата-аналарға алғыс айтамыз. Қазақ мақалын дәріптеу оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу үлкендердің қолында. Бүлдіршіндерімізде ата-аналарымен бірге сайысымызда белсенділік көрсетті.

Қаулы етілді:

Ата-аналар тәрбиешілермен бірлесіп жұмыс жасауды одан әрі жалғастырайық.


Ата-аналар комитетінің төрайымы: Қабылбаева Ә.

Мүшелері: Рскалиева Ж

Қабдғалиевна А.

Исламғали Д.

Хатшы: Серғазықызы А.



МКҚК №17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы

«Ана-аса қымбат жан»

№1 «Бөбек» ортаңғы қазақ тобы

Тәрбиешілер: Тукбаева Б.А.
Серікқызы А.



Ақтөбе 2024ж.

«Ана-аса қымбат жан»

Мақсаты: 8 Наурыз – Аналар мерекесіне орай ұйымдастырылатын іс-шаралар арқылы бүлдіршіндерді шығармашылыққа баулу, сұлулықты сезіне білуге, мейрімділікке, үлкенді құрметтеуге, ана еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.

Балалардың кіруі паравоз болып

Жүргізуші: Сіздерді көктемнің алғашқы айындағы 8-наурыз әжелер, аналар, қыздар мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздерге әлемнің нұрын, өмірдің гүлін, көктемнің шуағын тілейміз! Мына жарық дүниенің мәні де, сәні де сіздерсіздер! Ана бұл аяулы да мейірімді жан. Баланың тілі шыққаннан-ақ ең бірінші сөзің – «Ана» деп айтады. Бала үшін ананың орны ерекше. Олай болса, бүгінгі аналарымызға, әжелерімізге арналған «Ана – аса қымбат жан!» атты ертеңгілік кешімізге қош келдіңіздер.

Жүргізуші: - Балалар, сендер бүгін қандай әдемі болып отырсыңдар. Балалар бүгін бізде мереке, ол қандай мереке деп ойлайсыңдар (аналар мерекесі)

- Балалар ең асыл жан кім? \Ана\
- Айым, күнім, ботақаным деп еркелететін кім? \Ана\
- Балалар бізге ең тәтті, ең дәмді тағамды кім дайындап береді ? \Ана\
- Сонымен бүгін қандай мереке? \Аналар мерекесі\
- Осындай үлкен мерекеде аналардың жүзіне кішкене болса да қуаныш сыйлағымыз келе ме? \Иә \

Ендеше бәріміз орынымыздан тұрып аналарымызға арнап әнімізді айтамыз.

Ән: «Ана деп ән салам!»

Жүргізуші: Жарайсыңдар балалар, аналарыңа сендердің әндерін мен өте қатты ұнады.

Кіру Ару көктем (қыздармен)

Ару көктем: Сәлеметсіздер ме, балалар!

Мен көңілді көктеммін.

Былтыр келіп кеткенмін.

Нұр боп көктен төгілем.

Шуағым төгіп әлемге,

Қуатын күннің әкелем.

Табиғаттың төсіне, тіршілігін әперем.

Жүргізуші: Сәлеметсің бе көктем. Сіз келіп едіңіз залымыз нұрланып, әдемі ғажап күйге енді. Күніміз жарқырап, айналамыз гүлге оранды. Біздің сізге арнаған өнеріміз бар соны тамашалаңыз.

Ару көктем: Әрине тамашалаймын, мен де сендерді асыға күттім. Менде сендермен бірге ән айтып, би билеп, ойын ойнаймын. Қандай әдемі болып отсыңдар, мен сендерді сағынып қалыппын.

Ендеше бәріміз орынымыздан тұрып аналарымызға арнап тақпақ айтамыз.

Тақпақ:

Алтынханым:

Мәпелеп мені өсірген

Ризамын мен өзіңе.

Ана деген керемет,

Сыйлап өтем өмірде.

Жанель:

Ана біздің күніміз

Ана біздің гүліміз

Аналардан тарайды

Біздің ана тіліміз.

Қарақат:

Мен анамды сүйемін,
Сөзің ойға түйемін.
Анашымды ардақтап,
Басымды оған иемін.

Сұлтан:

Аялаған анашым,
Мәпелеген анашым.
Менің саған тілегім
Қартаймашы анашым

А.Али:

Әр сөзімді жаттаған,
Жүрегімде сақтаған,
Анашым деп мақтанам,
айналайын ақ анам!

Ән: «Көктем»

Ару көктем: Жарайсыңдар балалар, өте тамаша айтып шықтыңдар. Бүгін балалар өте белсенді, керемет жарайсыңдар.

Жүргізуші: Рақмет саған Ару көктем, балалардың көңілін көтердің.

Жүргізуші: Балалар айтыңдаршы балапанның анасын қалай айтамыз (тауық), ал марғаудың анасын қалай айтамыз (мысық). Балалар мен сендерге өте қызықты ертегі айтып берейін. Қорада тауық балапандарымен, ал үйшікте мысық марғауларымен өмір сүріпті. Бір күні тауық балапандарын, ал мысық марғауларын жоғалтып алған екен, енді тауық балапандарын іздеп бізге келе жатыр. Қанекей олай болса, тауықты күтіп алайық.

Тауықтың кіруі

Тауық: Менің балапандарым қайда екен? Мен сендерді таппай қалдым ғой!

Жүргізуші: Уайымдама тауық балапандарын менің қасымда. Сен қайда болдың?

Тауық: Мен балапандарыма жем алуға шыққан едім, күте тұрыңдар деп едім, таппай қалдым.

Жүргізуші: Балапандарын аман-есен, барлығы жақсы. Тауық қарашы сенің балапандарын саған өте қызықты би билеп береді, балапандардың биін бірге тамашалайық.

Би: «Балапандар»

Тауық: Балапандарым үйшігімізге мысықтар кіріп кетпесін, мен қарап келейін, ал сендер тыныш отырыңдар жақсы ма?

Жүргізуші: Жақсы тауық, сенің балапандарына мен қарап қоямын, сен алаңдама.

Мысықтың кіруі

Мысық: Менің тентек марғауларым қайдасыңдар? Осындасыңдар ма?

Жүргізуші: Иә, мысық сенің марғауларын осында. Не боп қалды?

Мысық: Бұл тентек марғаулар көршіміздің сүтін ішіп, қаймағын төгіп кетіпті. Жіппен ойнап, оны шатастырып кеткен. Көршімнен ұялғаным-ай!

Жүргізуші: Ашуланба мысық, қарашы марғауларын саған арнап би билейді. Қане марғаулар аналарына арнап би билеп берейік.

Би: «Марғаулар» ер балалар.

Жүргізуші: Мысық саған марғаулардың биі ұнады ма? Ашуың басылды ма?

Мысық: Иә, әрине! Марғауларымның биі маған өте қатты ұнады. Мен енді көршіме барып келейін.

Тауық пен мысық шығады

Мысық: Менің марғауларым тығылып ойнайды, секіреді, аналарына көмектеспейді.

Тауық: Менің де балапандарым мені тыңдамайды. Мысық әлде біз бір нәрсені дұрыс орындамадық па, қалай ойлайсыздар аналар, сіздердің де балаларыңыз таңертең

- Менің көйлегім қайда?
- Менің шұлығым қайда?
- Менің аяқ киімім қайда деп сұрайды ма?

Ата – аналар: Иә

Жүргізуші: Ай, ай, ай марғаулар мен балапандар не болған сендерге аналарына енді көмектесесіңдер ме?

Балалар: Иә

Жүргізуші: Қане балалар, енді біздер аналарымызға көмектесу үшін ойын ойнап жіберейік

Ойын: Аналарға көмектес»

Тауық пен мысық: Керемет балалар жарайсыңдар!

Ару Көктем: Қандай керемет ақылды балалар, енді аналарына көмектесіп жүреді.

Жүргізуші: Ноталардың жүйесін

Үйрен өзің үшін сен

Музыканы сүйесің

Әуен тілін түсінсең

Оркестр

Жүргізуші: Балалар бүгінгі мереке әжелерімізге де арналаған. «Қариясы бар үйдің қазынасы бар» - деп бекер айтылмаған. Қане балалар әжелерімізді де құттықтап жіберейік

Ән: «Әжемнің шайы»

Ару көктем: Жарайсыңдар балалар! Қандай керемет орындау. Балалар бүгін мен сендерге құр қол келмедім, сендерге арналаған сыйлығым бар, бірақ оны топқа барып беремін. Бүгін сендердің әндерін, билерін және ойындарын маған өте қатты ұнады. Рақмет сендерге!

Жүргізуші: Күндеріңіз толсын желекке

Отбасында болсын ырыс-береке

Құттықтаймыз шын жүректен сіздерді - дей отыра бүгінгі мерекеге арналған ертеңгілігіміз аяқталды, келіп тамашалағандарыңызға көп рақмет.

Хаттама №9

Өткізілген уақыты: 05.03.24ж.

Қатысқаны: 16

Қатыспағаны: 10

Күн тіртібінде

1. Аналар күніне арналған «Ана - аса қымбат жан» ертеңгілік кеші.

«Ана - аса қымбат жан» аналарымызға, әжелерімізге және қыздарға арналған ертеңгілік кеші.

Мақсаты: 8 Наурыз – Аналар мерекесіне орай ұйымдастырылатын іс-шаралар арқылы бүлдіршіндерді шығармашылыққа баулу, сұлулықты сезіне білуге, мейрімділікке, үлкенді құрметтеуге, ана еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.

Аналар мерекесіне орай өткізілген ертеңгілік кеші жоғары деңгейде

өтті. Балалардың костюмдерін дайындауға ата-аналар белсенділік танытты.

Ат салысып қатысқандары үшін ата-аналарға алғыс білдіреміз.

Балалардың көңіл-күйін көтеру үшін Ару көктем, тауық және мысық кейіпкерлері келіп, балаларға жақсы көңіл-күй сыйлады. Би билеуде балалар белсенділік танытты.

Аналарына сыйлық беріп, жақсы көңіл күй сыйлады. Ұлдар қыздарға сыйлық беріп, бұл мерекенің өте ерекше екенін түсінді.

Қаулы етілді:

Ата-аналар бірлесіп жұмыс жасауларын жалғастырылсын.

Ата-аналар комитетінің төрайымы: Қабылбаева Ә.

Хатшы: Серғазықызы А.



МКҚК №17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы



Қош келдің, Әз-Наурыз!

Тәрбиешілер: Тукбаева Б.А.
Серікқызы А.

Ақтөбе қаласы
2023-2024ж.

Қош келдің, Әз-Наурыз!

Мақсаты: Балаларды Ұлыс мерекесінің дәстүрлерімен, ырымдарымен, халқымыздың салт-дәстүрімен таныстыру. Ата-аналармен балабақша арасындағы байланысты нығайту. Ұлттық мерекелерді құрметтеуге, әдет-ғұрыпты сақтауға, қастерлеуге тәрбиелеу.

Тәрбиеші: Күлімдеген шуақты көктеммен бірге қазақ даласына жаңа жыл келді. Ұлы мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс тілейміз. Ұлы мереке сіздерге бақыт, қуаныш, сыйласын!

Тәрбиеші: Армысыздар құрметті қонақтар. Ұлыс күндеріңіз құтты болсын!

Келе жатыр жылымыз,
Мейрамдаймыз мұны біз.
Халқы сүйген мейрамды
Қарсы алайық Наурызды!

Ән: «Көктем келді»

Тәрбиеші: Балалар кімнің ойы ұшқыр екен, жұмбақ шешіп корейік:

Жұмбақ:

Сәбиге сән үй,
Әжеге ән күй. /бесік/
Төрт бұрышты,
Бір ауызды. /сандық/
Шыр көбелек айналар,
Беліне жіп байланар. /ұршық/

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар!

Әндетіп Алдар келеді (Мен Алдармын, Алдармын)

Ән айтып жатқан балалардың даусын естіп келдім. Бұл жерде мереке болып жатыр ма?

Тәрбиеші: Иә, Алдар көңіл - күйің жақсы екен, амансың ба?

Алдар: Амансыздар ма! Наурыз мейрамы құтты болсын. Иә, сараң байды алдап, мінекей Наурыз мейрамына жаңа шапан киіп көңілді келемін. (көрсетіп қояды шапанын)

Тәрбиеші: Ендеше ұлыстың ұлы күнін бізбен бірге қарсы ал, Наурыз мейрамы құтты болсын!

Алдар: Рахмет! Мен сендерге құр қол келген жоқпын. Ұлттық ойындардың бірі арқан тартыс ойының алып келдім.

Ойын: (Арқан тартыс)

Тәрбиеші: Рахмет саған Алдар. Ойының балаларға өте ұнады.

Алдар: Оқасы жоқ. Ал, енді балалар мен кетейін. Мерекені тойлап жатқан басқа балаларменда ұлттық ойындарды ойнап үлгеруім керек. Сау болыңдар! Мерекені жақсы өткізіңдер.

Тәрбиеші: Жарайды Алдар жолын болсын!

Қонаққа әже келеді: Амансыңдарма балаларым, наурыз мерекелерің құтты болсын! (Әжені орындарынан тұрып қарсы алады.)

Тәрбиеші: Амансызба әже төрлетіңіз! Ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесі құтты болсын!

Тәрбиеші: Әже біздің кішкентай бүлдіршіндерімізді қазақтың ұлттық салт-дәстүрімен таныстырасыз ба?

Әже: Әрине таныстырамын. Бүгін мен сендерге «Бесікке салу» салтын көрсетуге келдім. (**«Бесікке салу» салт-дәстүрімен балаларды таныстырады**)

Әже: Балаларым, келіңдер мына бесіктің жанына отырыңдар. Мынау бесік деп аталады. Бесікті таза ағаштан жасайды. Мен сендерге бөпені бесікке қалай бөлеу керек екенін көрсетейін. Сендер мұқият қарап отырыңдар. Бәрің де осы бесікте жатып, өскенсіңдер. Ең алдымен бесіктегі баланың бас жағына жұмсақ жүннен жасалған жастық саламыз. Ал

мынау бөпенің үстіне жамылатын көрпесі. Мынау белбеуі, бала құлап қалмас үшін белінен және аяқ тұсынан осы белбеумен байлап қояды. Енді кішкентай бөпемізді шомылдырайық, айтыңдаршы шомылдыру үшін алдымен не керек?

Балалар: Су керек.

Әже: Ал баланы шомылдыратын су қандай болу керек?

Балалар: Жылы болу керек.

Әже: Таза жуындыру үшін тағы не керек?

Балалар: Сабын керек.

Әже: Ал бәрі дайын бөпемізді әкеліңіз. Балалар, мен кішкентай бөпені шомылдырайын сендер маған көмектесіп, әр дене мүшелерін атап отырыңдар. Мынау не?

Балалар: Ол басы, шашы, беті, көзі, мұрны, аузы, құлағы, аяғы, саусқтары.

Әже: Ал санап көріңдерші қолдарында неше саусақ бар екен?

Балалар: Бір, екі, үш, төрт, бес саусақ бар.

Әже: Жақсы баламызды шомылдырып болдық, енді денесін, қол-аяғын сылап, бәріміз бірге:

Өс-өс балам, өс балам,

Сұлу боп өс сымбатты-деп бөпенің денесін ширатайық.

Бесікті бала ұйықтағанда шошып-қорықпау үшін сіріңкемен аластаймын.

(бесікті аластайды)

«Алас-алас, пәледен алас,

Тәрбиеші: -Балалар, қараңдаршы бесіктің де, төсеніштің де ортасы ойылып алып тасталған екен. Себебі сол жерде түбегі тұрады. Ал мынау шүмегі, осы шүмек арқылы баланың кіші дәреті түбекке құйылып, баланың денесі таза болады.

Тәрбиеші: -Балалар, айтыңдаршы мынау қандай заттар?

Балалар: Мынау тарақ, айна.

Тәрбиеші: Иә, бұл айна мен тарақты кішкентай бойжеткен қызымыз «әдемі болсын» деп , ал мынау не?

Әже: Иә, бұл пышақты бала шошымас үшін жастығының астына саламыз. Енді тыштырма рәсімін жасайық.

Тышты, тышты, тышты ма?

Балалар хормен: Тышты, тышты

(Тәрбиеші конфетті уыстап алып, екі жаққа балаларға шашады)

Қайталап айтады: Тышты, тышты, тышты ма?

Әже: Ал, енді бөпемізді бесігіне салайық (Бесікке салуды көрсетеді). Бөпеміздің ұйқысы тәтті болсын деп **«Бесік жырын»** айтайық:

Әлди, әлди, ақ бөпем,

Ақ бесікке жат бөпем.

Жылама бөпем, жылама,

Жілік шағып берейін

Байқұтанның құйрығын,

Жіпке тағып берейін

Әлди, әлди бөпешім,

Қозы жүні көкешім

Жұрт сүймесе,сүймесін

Өзім сүйген бөпешім.

Әже: Бөпеміз ұйықтасын, бесікті тербетейін, ал сендер бөпеге арнап тілектеріңді білдіріңдерші. Ол өскенде қандай болсын?

Балалар: Ақылды, дені сау болсын.

Әже: Өте жақсы, өркендерің өссін!

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар сендер бесікке салу салтынмен таныстыңдар. Енді әжеге әнімізді айтып берейік.

Ән: «Әжемнің шайы»

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар, өте керемет орындадыңдар. Енді, әже бізге бата айтып бересіз бе?

Әже бата береді:

«Ас бергенге бас берсін,

Өмірі ұзақ жас берсін

Кетпес дәулет

Кең пейіл берсін

Ата-анасына мейірімді болсын

Қатарының алды болсын

Ырысты, нәсіпті болсын

Еліне елеулі, халқына қалаулы болсын. Әумин!»

Тәрбиеші: Әже батаңыз қабыл болсын! Ауырмай аман-есен жүре беріңіз. Сізге көп рақмет! Балаларға өте қызықты салт-дәстүрді көрсеттіңіз. Осымен Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілігіміз аяқталды.





Хаттама №10

Өткізілген уақыты: 20.03.24ж.

Қатысқаны: 10

Күн тіртібінде

1. Наурыз мерекесіне арналған «Қош келдің, Әз-Наурыз!» атты ертенгілік кеші.

Мақсаты: Балаларды Ұлыс мерекесінің дәстүрлерімен, ырымдарымен, халқымыздың салт-дәстүрімен таныстыру. Ата-аналармен балабақша арасындағы байланысты нығайту. Ұлттық мерекелерді құрметтеуге, әдет-ғұрыпты сақтауға, қастерлеуге тәрбиелеу.

Наурыз мейрамына орай өткізілген кешіміз өте жоғары деңгейде өтті. Балалардың ұлттық сана-сезімің ояту мақсатында ұлттық салт-дәстүріміз «Бесікке салу» және ұлттық ойын «Асық ату» ұйымдастырылды. Ат салысып қатысқандары үшін ата-аналарға алғыс білдіреміз. Балалардың көңіл-күйін көтеру үшін Алдар көсе кейіпкері келіп, балаларға жақсы көңіл-күй сыйлады. Алдар көсе балаларға «асық ату» ойының көрсетсе, әжеміз бүлдіршіндерге «бесікке салу» салт-дәстүрімен таныстырды. Балалар ұлттық ойынымызды өте белсенді ойнады. Ұмытылып бара жатқан қазақ дәстүрің дәріптеу, сонымен қатар балалардың бойына қазаки тәрбиені беру үшін ата-анада тәрбиешіде жақсы жұмыс атқаруы қажет.

Қаулы етілді:

Ата-аналар бірлесіп жұмыс жасауларын жалғастырады.

Ата-аналар комитетінің төрайымы: Қабылбаева Ә.

Мүшелері: Рскалиева Ж.

Қабдғалиевна А.

Исламғали Д.

Хатшы: Серғазықызы А.

Handwritten signatures of the committee members and secretary.

МКҚК №17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы

«Мен ғарышкер боламын»

Ата-аналармен бірлесіп өткізілген қолөнер көрмесі


Тәрбиешілер: Тукбаева Б.А.
Серікқызы А.

Ақтөбе қаласы
2023-2024ж.

«Мен ғарышкер боламын»

Ғарышкерлер күніне орай ата-аналармен балалардың бірлесіп жасаған қолөнер көрмесі өткізілді.

Мақсаты: Балаларға ғарыш әлемі, ғарышкерлер күні туралы түсінік беру. Қазақстанның тұңғыш ғарышкері Т.Әубәкіровтің ерлігі жайлы айта отырып, балалардың ғарыш әлеміне қызығушылықтарын арттыру. Балалардың шығармашылық қабілетін арттыру.



Қорытынды: Болашақта ата-аналармен тағы басқа бағытта жұмыс түрлерін жүргіземіз деген ойдамыз. Қолөнерлер өте әдемі шыққан. Ата-аналарымызға алғыс. Болашақта осындай іс шараларымызға белсене қатысып тұрады деген ойдамыз.

Хаттама №11

Өткізілген уақыты: 10.04.24ж.

**«Мен ғарышкер боламын»
ата-аналармен бірлескен қолөнер көрмесі**

Мақсаты: Балаларға ғарыш әлемі, ғарышкерлер күні туралы түсінік беру. Балалардың ғарыш әлеміне қызығушылықтарын арттыру. Балалардың шығармашылық қабілетін арттыру.

Қолөнер көрмесіне балалар ата-аналарымен өте керемет қолөнерлер жасап келген. Болашақта ата-аналармен тағы басқа бағытта жұмыс түрлерін жүргіземіз деген ойдамыз. Қолөнерлер өте әдемі шыққан. Ата-аналарымызға алғыс. Болашақта осындай іс шараларымызға белсене қатысып тұрады деген ойдамыз.

Қаулы етілді:

Ата-аналар тәрбиешілермен бірлесіп жұмыс жасауды одан әрі жалғастырайық.

Ата-аналар комитетінің төрайымы: Қабылбаева Ә.




Мүшелері: Рскалиева Ж.

Қабдғалиевна А.

Исламғали Д.

Хатшы: Серғазықызы А.



Жылдық қорытынды

Балалар осы жылы көп нәрсені үйренді. Дене шынықтыру сабағында балалар ұзындыққа секіруді, допты қағып алуды және арқан бойымен түзу жүруді толық үйренді. Көптеген конкурстарға қатысып жүлделі орындарды иеленді. Сөздік қорлары біршама молайды. Ертегі кейіпкерлерімен танысып, түрлі ертегілерді білді. Түстерді де ажырата алды, сонымен қатар үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек пішіндерімен танысты. Қоршаған ортадағы заттарды, құбылыстарды ажыратып, тани бастады. Жыл мезгілдерін толық ажыратып үйренді. Шығармашылық жағынан да балалар өте белсенділік танытты. Дәстүрден тыс сурет салумен танысты. Қайшыны пайдалануды үйренді. Қазақ тілі, сурет салу т.б. үйірмелерге балалар белсенді қатысты. Балалар бір-бірлерімен жақсы тіл табысты және жақсы дос болып кетті. Жыл бойы өткен іс-шараларға барлық балалар белсенді қатысты.

Оның ішінде: Ақберен республикалық танымдық-шығармашылық журналы ұйымдастырған, қазан-қараша айындағы Республикалық «**Мақатаев оқулары**» конкурсна қатысып, жүлделі орындарға ие болды оның ішінде:

1 орын Алтай Али

1 орын Бауржанұлы Дінмұхаммед

1 орын Унерзак Лия жүлделі орындарды иеленді.

«**Қыс ғажайыптары**» Республикалық сурет, қолдан жасалған бұйымдар және фотосурет байқауына балаларымыз қатысып жүлделі орындарды иеленді. Атап айтсақ:

1. Алтай Али 1-дәрежелі диплом

2. Алтай Айару 1-дәрежелі диплом

3. Батырғали Қарақат 1-дәрежелі диплом

4. Бауржан Муслим 1-дәрежелі диплом

5. Зайнулла Жансерік 1-дәрежелі диплом

6. Жұматыр Аруназ 1-дәрежелі диплом

7. Самғатұлы Мансур 1-дәрежелі диплом

8. Тастанбек Алтынханым 1-дәрежелі диплом

9. Қыдыралиев Сұлтан 2 – дәрежелі диплом

10. Жомарт Раяна 3 - дәрежелі диплом.

«**Мен өмірді жырлау үшін келгенмін**» атты Республикалық шығармашылық байқауына жеңімпаз тәрбиелегені үшін

1.Батырғали Қарақат 2- дәрежелі диплом

2.Тастанбек Алтынханым 2- дәрежелі диплом

«**Армысын, қыс қонақ**» атты Республикалық байқауында

Тастанбек Алтынханым – бас жүлде иеленді

«**Жас дарын**» IX-Республикалық фестиваль байқауында «Би өнері» номинациясы бойынша 2-орын

1. Тастанбек Алтынханым 2- дәрежелі диплом

2. Жұматыр Аруназ 2- дәрежелі диплом

3. Алтай Айару 2- дәрежелі диплом

4. Жомарт Раяна 2- дәрежелі диплом

5. Бухарбаев Баязид 2- дәрежелі диплом

6. Нұртілеу Ясмина 2- дәрежелі диплом

7. Ахметов Муслим 2- дәрежелі диплом

8. Серікбай Жанель 2- дәрежелі диплом

Балалар осы жылы көптеген жетістіктерге жетті. Алдағы уақытта да жетістіктеріміз көп болады деген ойдамын. Өткен күз, қыс және көктем мерекелеріне орай өткізілген

мерекелік ертеңгіліктерге балалар өте белсенді қатысты. Сонымен қатар ата-аналарда ауызбіршілікте, тәрбиешімен тығыз қарым-қатынаста болып ұйымшылдық танытты. Ата-аналарымызда көмек беріп, өз үлестерін қосты. Жылымызды өте жоғары деңгейде аяқтадық.